




International Auditing Company LLC  
**GROUP OF COMPANIES**  
**Russell Bedford**  
International Consulting Firm LLC

of. 202, Al-Farabi ave.  
Almaty c., 050000, Republic of Kazakhstan  
T: +7(727) 399 80 00, 399 80 01, 399 81 18  
mob: +7(701) 55 67 888  
Esholpan@rbpartners.kz,  
zakupki@rbpartners.kz  
W: www.rbpartners.kz



**ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК**

**«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры»  
коммерциялық емес акционерлік қоғамы**

**Тәуелсіз аудитордың қорытындысымен,  
2016 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін**

**Халықаралық Қаржылық Есептілік Стандарттарына  
сәйкес дайындалған**

Member of Russell Bedford International, with affiliated offices worldwide  
Registered Office: 202, Al-Farabi Avenue, Almaty, Republic of Kazakhstan



**2016 жылы 31 желтоқсанда аяқталған кезең ішіндегі қаржылық есептілікті дайындау және бекіту үшін жауапкершілік туралы нұсқаулықты растау.**

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «Қор») меншікті қаражаты бойынша қаржылық есептілікке қатысты аудитордың және басшылықтың жауапкершіліктерін шектеу мақсатымен Тәуелсіз аудитордың ұсынылған қорытындысындағы аудитордың міндеттерінің сипаттамасымен бірлесе қарастырылуы тиіс төмендегі мәлімдеме жасалған.

Қордың басшылығы 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдайы бойынша Қордың қаржылық жағдайын барлық маңызды аспектілерде, сонымен қатар оның қызметінің нәтижелерін, ақшалай қаражатының қозғалысын және көрсетілген күнге аяқталған жыл үшін капиталдағы өзгерістерді нақты көрсететін Қордың меншікті қаражаты бойынша қаржылық есептілігін Халықаралық Қаржылық Есептілік стандарттарына («ХКЕС») сәйкес дайындау үшін жауап береді.

Қаржылық есептілікті дайындауда басшылық мыналарға жауапты:

- бухгалтерлік есептің тиісті қағидаларын таңдау және біртіндеп қолдану;
- негізделген бағалар мен есептеулерді қолдану;
- ҚР заңнамасының талаптарын және Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын сақтау;
- Қор өз қызметін көз жетерлік болашақта жалғасады деген жорамалға сүйене отырып, мұндай жорамал заңсыз болған жағдайларды қоспағанда, қаржылық есептілікті дайындау.

Басшылық сондай-ақ төмендегілерге жауапты:

- Қорда ішкі бақылаудың тиімді және сенімді жүйесін әзірлеу, енгізу және жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
- Бухгалтерлік есеп жүйесін демеу, кез келген сәтте жеткілікті дәлдік дәрежесінде Қордың қаржылық жағдайы туралы ақпаратты дайындау және қаржылық есептіліктің Басшылықтың талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету;
- Қордың активтерін қорғау үшін өз құзыретінің шегінде шараларды қабылдау және айлакерлік фактілерін және басқа да теріс пайдаланушылықтарды болдырмау.

Осы 2016 жылдың 31 желтоқсанда аяқталған жылдың меншікті қаражаты бойынша қаржылық есептілік 2017 жылдың 15 мамырда шығаруға бекітілген.

Басқарма Төрағасы

Бас бухгалтер



*Е. Мутова*  
Мутова Елена Леонидовна

*Лим*  
Лим Людмила Михайловна





International Auditing Company LLC  
**GROUP OF COMPANIES**  
**Russell Bedford**  
International Consulting Firm LLC

of. 202, Al-Farabi ave.  
Almaty c., 050000, Republic of Kazakhstan  
T: +7(727) 399 80 00, 399 80 01, 399 81 18  
mob: +7(701) 55 67 888  
E: sholpan@rbpartners.kz,  
zakupki@rbpartners.kz  
W: www.rbpartners.kz



## ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

**«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» коммерциялық емес акционерлік қоғамының акционерлері мен басшылығына**

**Қаржылық есептілік аудитінің нәтижелері бойынша қорытынды**

### **Пікір**

Біз «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «Қор») меншікті қаражаты бойынша қоса салынған қаржылық есептілігіне аудитін жүргіздік, әрі оған 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдайы бойынша қаржылық жағдайы туралы есепті, жиынтық кіріс, жоғарыда көрсетілген күнге аяқталған жыл үшін меншікті капиталдағы өзгерістер және ақша қаражатының қозғалысы туралы есептер, сондай-ақ есеп саясатының маңызды элементтерінің қысқаша сипаттамасын және басқа түсіндіру ақпаратты қамтитын өзге ескертпелер жатады. Біздің пікірімізше, қоса беріліп отырған қаржылық есептілік барлық елеулі аспектілерде 2016 жылдың 31 желтоқсанына жағдайы бойынша «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» коммерциялық емес акционерлік қоғамының қаржылық жағдайын, сондай-ақ көрсетілген күнге аяқталған жыл ішіндегі ақша қаражатының қозғалысы мен қаржылық нәтижелерін Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына («ХҚЕС») сәйкес дұрыс бейнелейді.

### **Пікірді білдіру негізі**

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің міндеттеріміз біздің қорытындымыздың *«Аудитордың қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі»* бөлігінде сипатталған. Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық этика стандарттары жөніндегі кеңестің *Кәсіпқой бухгалтерлер этикасының кодексіне* (БХЭСК Кодексі) сәйкес Қорға қатысты тәуелсізбіз және біз БХЭСК кодексіне сәйкес басқа да этикалық міндеттерді орындадық. Біз алынған аудиторлық дәлелдер өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылады деп пайымдаймыз.

### **Түсіндіру параграфы**

Қаржылық есептіліктің дұрыстығы туралы пікірді өзгертпей, біз Қордың есептілік кезеңінде активтердің құрылмағанына назар аударамыз, өйткені аударымдар, жарналар және Қорға түсетін басқа да түсімдер 2017 жылдың 1-ші шілдесінен қарастырылған. Қазақстан Республикасының «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» заңына сәйкес Қордың активтері – аударымдар, жарналар, аударымдарды және (немесе) жарналарды төлеу мерзімі өтіп кеткендігі үшін алынған өсімпұл, инвестициялық кіріс және Қордың қызметін қамтамасыз етуге арналған комиссиялық сыйақыны шегергенде, Қорға түсетін, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де түсімдер болып табылады.

### **Басшылықтың және корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғалардың қаржылық есептілік үшін жауапкершілігі**

Басшылық аталған қаржылық есептіліктің ХҚЕС-ке сәйкес жасалуы және шынайы ұсынылуы үшін және басшылық шынайы емес әрекеттердің немесе қатенің салдарынан маңызды бұрамалануы жоқ қаржылық есептілікті дайындау үшін қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапты болады. Қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Қордың өз қызметін үздіксіз жалғатыра алу қабілетін бағалау үшін, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтердің ашылып көрсетілуі үшін және басшылық Қорды таратқысы келген, оның қызметін тоқтатқысы келген жағдайларды немесе оның мұндай

әрекеттерге іс жүзінде баламасы болмай қалған жағдайларды қоспағанда, есептіліктің қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалдың негізінде жасалуы үшін жауапты болады.

Корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғалар Қордың қаржылық есептілігінің дайындалу процесін қадағалау үшін жауапты болады.

### **Аудитордың қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі**

Біздің мақсатымыз қаржылық есептілік бүтіндей жосықсыз әрекеттердің немесе қателердің салдарынан және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық қорытындыны шығаруда елеулі бұрмалануларды қамтымайды деген ақылға қонымды сенімдікке қол жеткізу болып табылады. Ақылға қонымды сенімділік сенімділіктің жоғары дәрежесін білдіреді, бірақ Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүрізілген аудит елеулі бұрмалану бола қалғанда оны әрдайым анықтайтындығының кепілдігі болып табылмайды. Бұрмаланулар жосықсыз әрекеттердің немесе қателердің нәтижесі болуы мүмкін және егер олар жеке-жеке немесе жиынтығында осы қаржылық есептіліктің негізінде қолданылатын пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізделген күйде пайымдауға болса, елеулі болып есептеледі.

Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудиттің шеңберінде біз кәсіпқой пайымдауды қолданып, бүкіл аудиттің бойына кәсіптік скептицизмді сақтап қаламыз. Одан басқа, біз келесіні орындаймыз:

- жосықсыз әрекеттердің немесе қателердің салдарынан болған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтап, бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық процедураларды жасаймыз; өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылатын аудиторлық дәлелдерді аламыз. Жосықсыз әрекеттердің нәтижесінде елеулі бұрмаланудың анықталмай қалу тәуекелі қателердің нәтижесінде елеулі бұрмаланудың анықталмауы тәуекеліне қарағанда жоғары, өйткені жосықсыз әрекеттер сөз байласуды, алдауды, қасақана жіберіп қоюды, ақпараттың дұрыс ұсынылмауын немесе ішкі бақылау жүйесінен айнала жасалған амалдарды қамтуы мүмкін;
- Қордың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірді білдіру мақсатында емес, жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық процедураларды әзірлеу мақсатында, аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесін түсінеміз;
- қолданылатын есеп саясатының лайықты сипатын және басшылық айқындаған бухгалтерлік бағалау және тиісті ақпараттың ашылып көрсетілу негізділігін бағалаймыз;
- басшылықтың қызмет үздіксіздігі туралы жорамалды қолдану заңдылығы туралы тұжырымды, ал түскен аудиторлық дәлелдердің негізінде Қордың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінде айтарлықтай күмән туғыза алатын оқиғаларға немесе талаптарға орай елеулі белгісіздіктің бар екендігі туралы тұжырым жасаймыз. Егер де біз елеулі белгісіздіктің болуы туралы тұжырымға келетін болсақ, біз өзіміздің аудиторлық есебімізде қаржылық есептілікте ақпараттың тиісінше ашылып көрсетілуіне назар аудартуымыз керек немесе егер ақпараттың осылайша ашылып көрсетілуі лайықты болып табылмаса, пікірімізді түрлендіру керек. Біздің тұжырымдар аудиторлық есебіміз жасалған күнге дейін түскен аудиторлық дәлелдерге негізделген. Дегенмен, келешек оқиғалар немесе талаптар Қордың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінен айырып қалуына әкеп соқтыруы мүмкін;
- қаржылық есептіліктің бүтіндей ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын бағалаймыз, оған қоса ақпаратты ашып көрсету, сондай-ақ қаржылық есептіліктің оның негізінде болған операциялар мен оқиғаларды, олардың шынайы ұсынылуын қамтамасыз ететіндей етіп ұсынылатындығын бағалаймыз.

Біз корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғаларының назарына, өзгесінен басқа, аудиттің жоспарлаған көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша елеулі ескертулер туралы, оның ішінде біз аудит процесінде анықтайтын ішкі бақылау жүйесінің едәуір кемшіліктері туралы ақпаратты жеткізе отырып, онымен ақпараттық өзара әрекеттесуді жүзеге асырамыз.

Сонымен қатар, біз корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғаларға тәуелсіздікке қатысты барлық тиісті этикалық талаптарды сақтағандығымыз туралы мәлімдеме жасадық және бұл тұлғаларды барлық өзара қарым-қатынастар мен аудитордың тәуелсіздігіне әсер етеді деп негізделген түрде есептеуге болатын басқа да мәселелер туралы, ал қажетті жағдайларда – тиісті сақтық шаралары туралы хабардар еттік.

Біз корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғалардың назарына жеткізген мәселелерден, ағымдағы кезең үшін қаржылық есептіліктің аудиті үшін барынша маңызды болған және тиісінше, аудиттің шешуші мәселелері болып табылатын. Мәселелерді айқындаймыз. Біз бұл мәселелерді аудиторлық есебімізде сипаттаймыз, тек бұл мәселелер туралы ақпаратты жария ету заңмен немесе нормативтік актімен тыйым салынған жағдайдан немесе қандай да бір мәселе туралы ақпарат біздің есебімізде хабарланбауы тиіс екендігі туралы тұжырымға келген сирек жағдайлардан басқа, өйткені мұндай ақпаратты хабарлаудың теріс салдары оның хабарлануынан қоғамдық маңызы бар пайдадан асады деп жорамал жасауға болады.



Түймебай Рахмар Омірәліқызы  
Аудитор / Бас директор  
«Russell Bedford А.» Partners» ХАК ЖШС  
Қазақстан Республикасының аумағында  
аудиторлық қызметпен айналысуға арналған  
мемлекеттік лицензия сериясы МФЮ-2  
№16013894, Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрлігімен 2016 жылғы 05 қыркүйекте берілген

15 мамыр 2017 жыл  
Астана қ., Қазақстан Республикасы



Аудитордың біліктілік куәлігі  
№0000486 12.10.1999 ж.

**ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЕСЕП**  
 2016 ж. 31 желтоқсанына жағдайы бойынша

Мың теңгемен	Ескертпе	2016	2 015
<b>I АҒЫМДАҒЫ АКТИВТЕР</b>			
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	4	106 049	-
Тауарлы-материалдық қорлар	6	25	-
Сауда және өзге дебиторлық берешек	5	349	-
Бюджетке аванстық төлемдер		-	-
Өзге қысқа мерзімді активтер		-	-
Қысқа мерзімді қаржы активтер		-	-
		<b>106 423</b>	-
<b>II ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ АКТИВТЕР</b>			
Материалдық емес активтер		-	-
Негізгі құралдар		-	-
Кейінге қалдырылған салық активтері	7	806	-
Ұзақ мерзімді қаржы активтер		-	-
		<b>806</b>	-
<b>АКТИВТЕР БАРЛЫҒЫ</b>			
<b>III АҒЫМДАҒЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР</b>			
Қысқа мерзімді қаржы міндеттемелер		-	-
Жеткізушілермен есеп айырысу және өзге кредиторлық берешек	8	1 439	-
Салықтар және бюджетке өзге төлемдер бойынша	11	494	-
Қызметкерлерге сыйақылар	9	2 701	-
Өзге қысқа мерзімді міндеттемелер	10	9	-
		<b>4 643</b>	-
<b>IV ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР</b>			
Ұзақ мерзімді сауда және өзге кредиторлық берешек		-	-
Кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер		-	-
		-	-
<b>IV МЕНШІКТІ КАПИТАЛ</b>			
Жарғылық капитал	12	106 050	-
Резервтік капитал		-	-
Үлестірілмеген пайда/ (Жабылмаған шығын)	13	(3 464)	-
		<b>102 586</b>	-
<b>МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ МЕНШІКТІ КАПИТАЛ БАРЛЫҒЫ</b>			
		<b>107 229</b>	-

*Ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады*

Басқарма Төрағасы

Бас бухгалтер



*Бақытұлова Елена Леонидовна*

*Лим Людмила Михайловна*



**ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ЕСЕП**  
 2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Мың теңгемен	Ескертпе	2016	2015
Өнімді (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан түскен		-	-
Сатылған қызметтер мен тауарлардың өзіндік құны		-	-
<b>Жиынтық кіріс</b>		-	-
Қаржыландырудан кірістер/(шығыстар)		-	-
Әкімшілік кірістер	14	4 619	-
Өзге шығыстар		-	-
Өзге кірістер		-	-
<b>Операциялық пайда</b>		<b>(4 619)</b>	-
Қаржыландыру бойынша кірістер		-	-
Қаржыландыру бойынша шығыстар		-	-
Өзге операциялық емес кірістер	15	349	-
<b>Салық салғанға дейінгі кіріс/шығын</b>		<b>(4 270)</b>	-
Табыс салығы бойынша шығыстар	7	806	-
<b>Салық салғанға дейінгі кіріс (шығын)</b>		<b>(3 464)</b>	-
Басқа жиынтық пайда, барлығы:		-	-
Негізгі құралдарды қайта бағалау		-	-
Сату үшін қолда бар қаржы активтерді қайта бағалау		-	-
Үлестік қатысу әдісі бойынша ескерілетін, қауымдастырылған ұйымдардың өзге жиынтық пайдадағы (шығындағы) және бірлескен қызметтені үлесі		-	-
<b>Жалпы жиынтық пайда</b>		<b>(3 464)</b>	-

*Ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады*

Басқарма Төрағасы



*Бригитова Елена Леонидовна*

Бас бухгалтер

*Лим Людмила Михайловна*



**АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП (ТУРА ӘДІС)**  
 2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Мың теңгемен	Ескертпе	2 016	2 015
<b>I ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН АҚШАНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ</b>			
<b>Түсім</b>		<b>9</b>	-
Сатудан түскен ақша		-	-
Алынған аванстар		-	-
Сыйақы		-	-
Өзге де түсімдер		9	-
<b>Шығулар</b>		<b>10</b>	-
Жеткізушілер мен мердігерлермен есеп айырысу		10	-
Берілген аванстар		-	-
Еңбек ақы бойынша есеп айырысу		-	-
Салықтар және бюджетке басқа төлемдер бойынша төлемдер		-	-
Сыйақы		-	-
Өзге де төлемдер		-	-
<b>Операциялық қызметтен түскен таза ақша ағындары</b>		<b>(1)</b>	-
<b>II ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН АҚШАНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ</b>			
<b>Түсім</b>		-	-
Негізгі құралдарды сату		-	-
<b>Шығулар</b>		-	-
Негізгі құралдарды сатып алу		-	-
Материалдық емес активтерді сатып алу		-	-
<b>Инвестициялық қызметтен түсетін таза ақша ағындары</b>		-	-
<b>III ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН АҚШАНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ</b>			
<b>Түсім</b>		<b>106 050</b>	-
Акциялар мен құнды қағаздардың эмиссиясы		106 050	-
Қарыз алу		-	-
Алынған сыйақылар		-	-
Өзге де түсімдер		-	-
<b>Шығулар</b>		-	-
Қарыздарды өтеу		-	-
Сыйақыны төлеу		-	-
Дивидендтерді төлеу		-	-
Өзге де шығулар		-	-
<b>Қаржылық қызметтен түскен таза ақша ағындары</b>		<b>106 050</b>	-
<b>Теңгеге валюта айырбастау бағамдарының әсері</b>		-	-
<b>Кезең ішіндегі таза ақша ағыны</b>		<b>106 049</b>	-
<b>КЕЗЕҢНІҢ БАСЫНДАҒЫ АҚША</b>		-	-
<b>КЕЗЕҢНІҢ СОҢЫНДАҒЫ АҚША</b>		<b>106 049</b>	-

*Ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.*

Басқарма Төрағасы

Бас бухгалтер



Бахмутова Елена Леонидовна

Лим Людмила Михайловна



**2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін  
 АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП (ЖАНАМА ӘДІС)**

Мың теңгемен

Көрсеткіштердің атауы	Жол коды	2016	2015
1	2	3	4
<b>I. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ</b>			
Салық салғанға дейінгі пайда (залал)	10	(3 464)	-
Амортизация және негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің құнсыздануы	11	-	-
Гудвилдың құнсыздануы	12	-	-
Сауда мен өзге дебиторлық берешектің құнсыздануы	13	-	-
Сатуға шығындарды алып тастағанда, әділ құнға дейін сатуға арналған активтердің (немесе шығатын топтың) құнын есептен шығару	14	-	-
Негізгі құралдардың шығудан залал (пайда)	15	-	-
Инвестициялық мүліктен залал (пайда)	16	-	-
Қарыздарды мерзімінен бұрын өтеуден залал (пайда)	17	-	-
Пайда мен залал туралы есеп арқылы түзетіп, әділ құн бойынша көрсетілетін өзге қаржы активтерден залал (пайда)	18	-	-
Қаржыландыру бойынша шығыстар (кірістер)	19	-	-
Жұмыскерлерге сыйақылар	20	-	-
Үлестік құралдармен сыйақылар бойынша шығыстар	21	-	-
Кейінге қалдырылған салықтар бойынша кіріс (шығыс)	22	(806)	-
Іске асырылмаған жағымды (теріс) бағам айырмашылығы	23	-	-
Үлестік қатысу әдісі бойынша ескерілетін қауымдастырылған ұйымдардың пайдасында және бірлескен қызметте ұйымның үлесі	24	-	-
Жалпы жиынтық пайданың (залалдың) өзге де ақшалай емес операциялық түзетулер	25	-	-
Жалпы жиынтық пайданың (залалдың) түзетулері жиыны, барлығы (+/- 011-ден 025 дейінгі жолдар)	30	-	-
Қорлардағы өзгерістер	31	(25)	-
Резервтің өзгерістері	32	-	-
Сауда және өзге дебиторлық берешектегі өзгерістер	33	(349)	-
Сауда және өзге кредиторлық берешектегі өзгерістер	34	1 448	-
Салықтар және бюджетке басқа міндетті төлемдер бойынша берешектегі өзгерістер	35	494	-
Өзге де қысқа мерзімді міндеттемелердегі өзгерістер	36	2 701	-
<b>Операциялық активтер мен міндеттемелердің қозғалысы жиыны, барлығы (+/- 031-ден 036 дейінгі жолдар)</b>	40	<b>4 269</b>	-
Төленген сыйақылар	41	-	-
Төленген табыс салығы	42	-	-
<b>Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза сомасы (010 жол +/-030 жол +/-040 жол +/-041 жол +/-042 жол)</b>	50	<b>(1)</b>	-



2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін  
**АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП (ЖАНАМА ӘДІС) (ЖАЛҒАСЫ)**

Көрсеткіштердің атауы	Жол коды	Мың теңгемен	
		2016	2015
1	2	3	4
<b>II. ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ</b>			
<b>Ақшалай қаражатының түсімі, барлығы</b>	<b>60</b>		
оның ішінде:			
негізгі құралдарды сату	61		
материалдық емес активтерді сату	62		
басқа ұзақ мерзімді активтерді сату	63		
бас ұйымдардың үлестік құралдарын (еншілес ұйымдардан басқа) және	64		
басқа ұйымдардың борыштық құралдарын сату	65		
еншілес ұйымдарды бақылауды жоғалту кезіндегі өтеу	66		
өзге қаржы активтерді сату	67		
Фьючерстік және форвардтық келісім-шарттар, опциондар мен своптар	68		
шыққан дивидендтер	69		
алынған сыйақылар	70		
өзге де түсімдер	71		
<b>Ақша қаражатының шығуы, барлығы</b>	<b>80</b>		
оның ішінде:			
негізгі құралдарды сатып алу	81		
материалдық емес активтерді сатып алу	82		
басқа ұзақ мерзімді активтерді сатып алу	83		
бас ұйымдардың үлестік құралдарын (еншілес ұйымдардан басқа) және	84		
басқа ұйымдардың борыштық құралдарын сатып алу	85		
еншілес ұйымдарды бақылауды сатып алу	86		
өзге қаржы активтерді сатып алу	87		
қарыз алу	88		
фьючерстік және форвардтық келісім-шарттар, опциондар мен своптар	89		
қауымдастырылған және еншілес ұйымдарға инвестициялар	90		
өзге де төлемдер	91		
<b>Инвестициялық қызметтен түскен ақшалай қаражаттың таза</b>	<b>100</b>	-	



2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін  
**АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП (ЖАНАМА ӘДІС) (ЖАЛҒАСЫ)**

Мың теңгемен

Көрсеткіштердің атауы	Жол коды	2016	2015
1	2	3	4
<b>III. ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТЫҢ ЖЫЛЖУЫ</b>			
<b>Ақшалай қаражатының түсімі, барлығы ( 111- ден 144 дейінгі)</b>	<b>110</b>	<b>106 050</b>	
оның ішінде:			
акциялардың және басқа қаржылық құралдардың эмиссиясы	111	106 050	
несие алу	112		
алынған сыйақылар	113		
өзге де түсімдер	114		
<b>Ақша қаражатының шығуы, барлығы (121-ден 125 дейінгі)</b>	<b>120</b>		
оның ішінде:			
қарыздарды өтеу	121		
сыйақыны төлеу	122		
дивидендтерді төлеу	123		
ұйымның акциялары бойынша иелердің төлемдері	124		
өзге де шығулар	125		
<b>Қаржылық қызметтен түскен ақшалай қаражаттың таза сомасы</b>	<b>130</b>	<b>106 050</b>	
<b>4. Теңгеге валюта айырбастау бағамдарының әсері</b>	<b>140</b>		
<b>5. Ақшалай қаражаттың өсуі +/- азаюы (50 жол +/- 100 жол +/- 130 жол +/- 140 жол)</b>	<b>150</b>	<b>(1)</b>	
<b>6. Есептік кезеңнің басына ақшалай құралдар мен олардың баламалары</b>	<b>160</b>		
<b>7. Есептік кезеңнің соңына ақшалай құралдар мен олардың баламалары</b>	<b>170</b>	<b>106 049</b>	

*Ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады*

Басқарма Төрағасы

Бас бухгалтер



*Бахмутова Елена Леонидовна*

*Лим Людмила Михайловна*



**2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін  
КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП**

Мың теңгемен	Жарғылық капитал	Резервтер	Үлестірілмеген пайда	Капитал жиыны
<b>2015 ж 01 қаңтарына сальдо</b>	-	-	-	-
<b>Есептік саясаттағы өзгеріс</b>	-	-	-	-
<b>Қайта есептелген сальдо</b>	-	-	-	-
Бір жылдың таза кірісі/(залалы)	-	-	-	-
Дивидендтерді төлеу	-	-	-	-
Иелердің жарналары	-	-	-	-
<b>Сальдо 2016 ж 01 қаңтарына</b>	-	-	-	-
<b>Есептік саясаттағы өзгеріс</b>	-	-	-	-
<b>Қайта есептелген сальдо</b>	-	-	-	-
Бір жылдың таза кірісі/(залалы)	-	-	(3 464)	(3 464)
Иелердің жарналары	106 050	-	-	106 050
Дивидендтерді төлеу	-	-	-	-
<b>2017 ж. 01 қаңтарына сальдо</b>	<b>106 050</b>	-	<b>(3 464)</b>	<b>102 586</b>

Ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады

Басқарма Төрағасы

Бас бухгалтер



*Бахмұтова Елена Леонидовна*

*Лим Людмила Михайловна*



## **2016 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН МЕНШІКТІ ҚАРАЖАТ БОЙЫНША ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР.**

### **1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ**

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Қор») Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 1 шілдедегі №389 «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорын құру туралы» қаулысына сәйкес жарғылық капиталына мемлекеттің жүз пайыздық қатысуымен құрылған.

Қор Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Астана қаласының Әділет департаментімен тіркелген, бұл туралы қызметті іске асыру құқығына 2016 жылғы 26 қыркүйектегі заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтама берілген.

Қордың орналасқан жері (мекенжайы): 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл ауданы, Қонаев көшесі 14/3, 11 қабат.

Қор Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, негізгі мақсаты ретінде табыс табу емес, коммерциялық емес акционерлік қоғамы болып табылады.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» коммерциялық емес акционерлік қоғамының қызметі мыналармен реттеледі:

- Қазақстан Республикасының Конституциясымен;
- Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен;
- Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 қаңтардағы (Коммерциялық емес ұйымдар туралы) заңымен;
- Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы «Акционерлік қорлар туралы» заңымен;
- Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 16 қарашадағы «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» заңымен;
- Қордың Жарғысымен;
- және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен, Қордың ішкі құжаттарымен және Қордың органдары мен лауазымды тұлғаларының, олардың құзыреттері шеңберінде белгіленген тәртіпте қабылданған шешімдермен.

Қор қызметінің мақсаты Қордың активтері есебінен медициналық қызметтер тұтынушыларына медициналық жәрдем көрсету бойынша құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық шаралар кешенін қамтамасыз етуге бағытталған әлеуметтік мақсаттарға қол жеткізу болып табылады.

Қор мемлекеттік монополияға жататын қызметтің келесі түрлерін іске асырады:

- 1) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру шеңберінде түсетін қаржылық құралдарды аккумуляциялау;
- 2) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсету бойынша қызметтерді ұсынатын денсаулық сақтау субъектілері арасында қаржы құралдарын үлестіру.

Қор мемлекеттік монополияға технологиялық тұрғыдан байланысты қызметтің келесі түрлерін іске асырады:

- 1) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру шеңберінде медициналық қызметтерді тұтынушылардың есебін жүргізу;
- 2) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсетуді іске асыратын денсаулық сақтау субъектілерінің есебін жүргізу;
- 3) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің электрондық ақпараттық ресурстарын және ақпараттық жүйені құру және дамыту.

Қор келесі функцияларды іске асырады:

- 1) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық қызметтерді сатып алу шартымен қарастырылған көлемде және талаптармен медициналық көмекті көрсететін денсаулық сақтау субъектілерінің қызметтерін сатып алу және ақысын төлеу;
- 2) денсаулық сақтау субъектілерінің міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық қызметтердің тұтынушыларына көрсетілген медициналық көмектің сапасы мен көлемі бойынша шарт міндеттерін орындағанына мониторинг жүргізу;
- 3) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық қызметтерді көрсету мәселелсі бойынша азаматтар мен заңды тұлғалардың шағымдар мен өтініштерін қарастыру.

Қор өз қызметін Қордың активтерінен түсетін комиссиялық сыйақы есебінен іске асырады. Комиссиялық сыйақының пайыздық мөлшерлемесінің шекті шамасын жыл сайын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Қазақстан Республикасының «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» заңына сәйкес Қордың активтері – аударымдар, жарналар, аударымдарды және (немесе) жарналарды төлеу мерзімі өтіп кеткендігі үшін алынған өсімпұл, инвестициялық кіріс және Қордың қызметін қамтамасыз етуге арналған комиссиялық сыйақыны шегергенде, Қорға түсетін, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де түсімдер болып табылады.

Жұмыскерлердің орташа жылдық саны есептік кезеңде 3 адамды құрады.



## 1.2. «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ қызметін бақылау

Қордың құрылтайшысы Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүдік және жекешелендіру комитеті тұлғасында Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады. Қордың мемлекеттік акциялар пакетін иелену және пайдалану құқығын Қордың қызметіне бақылауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі іске асырады.

### Қатысушылар

31.12.2016 жылға жағдайы бойынша «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ жалғыз акционері:

Акциялар ұстаушыларының ТАӘ немесе атауы	Акционерге тиесілі акциялардың саны, акциялардың түрін көрсету	Акционерге тиесілі акциялардың дауыс беретін акциялардың жалпы санына' пайыздық арақатынасы
ЗТ «ҚР ҚМ Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ	Қарапайым акциялар KZ1C60360019	100, %

31.12.2016 жылға Қордың акционерлік капиталы 106 050 мың теңгені құрады. 106 050 дана (бір данасына номиналдық құны 1000 теңге) мөлшерінде қарапайым акциялар жарияланған және орналастырылған. 2016 жылғы 31 желтоқсанға жағдайы бойынша Қордың Жарғылық капиталы толығымен қалыптастырылып төленген.

## 2. ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ

Осы қаржылық есептілік есеп саясатында және осы қаржылық есептіліктің Ескертпелерінде көрсетілген жағдайларды қоспағанда, бастапқы құны негізінде дайындалған. Қор өзінің есептік жазбаларын қазақстандық теңгемен жүргізеді.

Осы қаржылық есептілік Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі – «ХҚЕС») сәйкес Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары кеңесі (бұдан әрі – «ХҚЕС жөніндегі кеңес») бекіткен редакцияда дайындалған.

### Үздіксіз қызмет қағидаты

Осы қаржылық есептілік үздіксіз қызмет қағидатына сәйкес дайындалған. Бұл оның әдеттегі шаруашылық қызметі барысында көз жетерлік болашақта активтерін сату мен міндеттерін өтеуді болжайды. Қор басшылығының қызмет ауқымын едәуір қысқарту немесе тарату қажеті де, ниеті де жоқ.

2016 жылдың 31 желтоқсанына Қордың 3 464 мың теңге мөлшерінде залалы бар және оның ағымдағы активтер оның ағымдағы міндеттемелерінен 2016 жылдың 31 желтоқсанында 101 780 мың теңгеге көп. Салыстырмалы ақпарат жоқ, өйткені Қор 2016 жылы құрылып, өз қызметін бастаған. Есептік кезеңде Қор 3 464 мың теңге мөлшерінде залалға ұшырады.

Басшылық Қордың жақын болашақта өз қызметін үздіксіз қызмет қағидатына сәйкес жалғастыра алады деп ойлайды.

### Есептеу қағидаты

Осы қаржылық есептілік есептеу принципіне сәйкес құрылған. Есептеу принципі шаруашылық операциялардың нәтижелерін, сондай-ақ Компанияның шаруашылық қызметінің нәтижесі болып табылмайтын, бірақ олардың қаржылық жағдайына әсер ететін оқиғаларды, төлем уақытына қарамастан оларды іске асыру фактісі бойынша танумен қамтамасыз етіледі. Операциялар мен оқиғалар бухгалтерлік есепте көрсетіледі және жататын кезеңдердің қаржылық есептілігіне енгізіледі.

### Шетелдік валютаны қайта есептеу

Қаржылық есептілік функционалдық валюта және Қордың қаржылық есептілігін ұсыну валютасы болып табылатын теңгемен ұсынылған.

Шетелдік валютадағы операциялар, бастапқыда операцияны іске асыру күніндегі нарықтық бағам бойынша функционалдық валютамен ескеріледі. Шетелдік валютадағы ақшалай активтер мен міндеттемелер, есептік күндегі валюта бағамы бойынша қайта есептеледі. Барлық бағам айырмашылықтары жиынтық кіріс туралы есепке кезең ішіндегі кіріс немесе шығыс сияқты кірігізіледі.

Қазақстан Қор Биржасында (бұдан әрі – «ҚҚБ») белгіленген орташа өлшенген айырбас бағамдары Қазақстан Республикасындағы ресми айырбас бағамдары ретінде пайдаланылады.



Есептік кезеңде Қор шетелдік валютамен операцияларды жүргізген жоқ.

#### **Қаржылық есептілікке әсер ететін стандарттар**

Қор, 2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Компанияның жыл сайынғы қаржылық есептілігіне қатысты күшіне енген Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары бойынша Комитеті мен Халықаралық қаржылық стандарттарды түсіндіру бойынша Комитетімен (бұдан әрі – «ХҚЕСТК») шығарылған келесі жаңа немесе қайта қаралған стандарттар мен түсіндірулерді қолданады:

**ХҚЕС (IFRS) 14 «Кейінге қалдырылған тарифтік айырмаларының шоттары»** - 2016 жылғы 1 қаңтардан басталатын жылдық кезеңдерге қатысты әрекет етеді;

- **ХҚЕС (IAS) 16 және ХҚЕС (IAS) 38 арналған түзетулер «Амортизацияның рұқсат етілген әдістерін түсіндіру»** - 2016 жылғы 1 қаңтардан басталатын жылдық кезеңдерге қатысты әрекет етеді;
- **ХҚЕС (IFRS) 11 арналған түзетулер «Бірлескен қызмет»** - «Бірлескен операциялардағы қатысу үлестерін сатып алуды есепке алу» - 2016 жылғы 1 қаңтарда басталатын жылдық кезеңдерге қатысты әрекет етеді;
- **ХҚЕС (IAS) 16 және ХҚЕС (IAS) 41 арналған түзетулер «Ауыл шаруашылығы: жеміс дақылдары»** - 2016 жылғы 1 қаңтарда басталатын жылдық кезеңдерге қатысты әрекет етеді;
- **ХҚЕС (IAS) 27 арналған түзетулер «Жеке қаржылық есептілік»** - 2016 жылғы 1 қаңтарда басталатын жылдық кезеңдерге қатысты әрекет етеді;
- **ХҚЕС (IFRS) 10, ХҚЕС (IFRS) 12 және ХҚЕС (IAS) 28 арналған түзетулер «Инвестициялық ұйымдар: шоғырландыру туралы талабынан шығарып тастауды қолдану»** - 2016 жылғы 1 қаңтарда басталатын жылдық кезеңдерге қатысты әрекет етеді;
- **ХҚЕС (IAS) 1 арналған түзетулер «Ақпараттарды ашу саласындағы бастама»** - 2016 жылғы 1 қаңтарда басталатын жылдық кезеңдерге қатысты әрекет етеді;
- **2012-2014 жылдарға арналған кезең үшін ХҚЕС жақсарту бойынша жыл сайынғы жобасы** - 2016 жылғы 1 қаңтарда басталатын жылдық кезеңдерге қатысты әрекет етеді.

Жаңа немесе қайта қаралған стандарттарды қолдану, Компанияның қаржылық ахуалы мен қаржылық нәтижелеріне әсер еткен жоқ. Жаңа және қайта қаралған стандарттар ХБЕС 8 «Есеп саясаты, бухгалтерлік бағалаулардағы өзгерістер мен қателіктер» талаптарына сәйкес ретроспективті қолданылды.

#### **Шығарылған, бірақ әлі де күшіне енбеген – жаңа және қайта қаралған ХҚЕС**

Аталған қаржылық есептілікті бекіту күнінде, мерзімінен бұрын қолдануды Қор жүргізбеген, келесі жаңа стандарттар мен түсіндірулері шығарылды, бірақ әлі де күшіне енген жоқ:

- **ХҚЕС (IFRS) 9 «Қаржылық құралдар» (2010 жылы шығарылған)\*,**
- **ХҚЕС (IFRS) 9 және ХҚЕС (IFRS) 7 арналған түзетулер «ХҚЕС (IFRS) 9 қолдану күні және ауыспалы ашулар»\*,**
- **«Сақтандыруды есепке алу және ХҚЕС (IFRS)9, ХҚЕС(IFRS)7 және ХҚЕС(IAS)39 арналған түзетулер (2013 жылы шығарылған)\*,**
- **ХҚЕС (IFRS) 9 «Қаржылық құралдар» (2014 жылы шығарылған) - 2018 жылғы 1 қаңтардан басталатын жылдық кезеңдерге қатысты әрекет етеді,**
- **ХҚЕС (IFRS) 5 «Сатып алушылармен бірге шарттар бойынша түсім» - 2018 жылғы 1 қаңтардан басталатын жылдық кезеңдерге қатысты әрекет етеді,**
- **ХҚЕС(IFRS)10, ХҚЕС(IAS) 28 арналған түзетулер «Инвестор және оның қауымдасқан ұйымы немесе бірлескен кәсіпорны арасындағы мәмілелердегі активтерді сату немесе жарнасы» - 2015 жылғы желтоқсанда, ХҚЕС бойынша Кеңес үлестік қатысу әдісі бойынша өзінің зерттеу жобасын аяқтауға дейін белгісіз кезеңге түзетулердің күшіне енуін кейінге қалдырды.**
- **ХҚЕС(IFRS)16 «Жалгерлік» - 2019 жылғы 1 қаңтарда басталатын жылдық кезеңдерге қатысты әрекет етеді;**
- **ХҚЕС(IAS)12 арналған түзетулер «Орындалмаған шығындарға қатысты кейінге қалдырылған салық активтерін тану» - 2017 жылғы 1 қаңтарда басталатын жылдық кезеңдерге қатысты әрекет етеді;**
- **ХҚЕС(IAS)7 арналған түзетулер «Ақпараттарды ашу саласындағы бастама» - 2017 жылғы 1 қаңтарда басталатын жылдық кезеңдерге қатысты әрекет етеді;**
- **ХҚЕС (IFRS) 5 арналған түзетулер «Сатып алушылармен бірге шарттар бойынша түсім» - 2018 жылғы 1 қаңтарда басталатын жылдық кезеңдерге қатысты әрекет етеді;**
- **ХҚЕС (IFRS) 2 арналған түзетулер «Акциялар негізінде төлеу бойынша операцияларды жіктеу және бағалау» - 2018 жылғы 1 қаңтарда басталатын жылдық кезеңдерге қатысты әрекет етеді.**

\*Ескертпе.



2014 жылғы шілдеде шығарылған ХҚЕС(IFRS 9 (2014 жылғы редакцияда), ХҚЕС(IFRS)9 (2009 жылғы редакцияда), ХҚЕС(IFRS) 9 (2010 жылғы редакцияда), ХҚЕС(IFRS) 9 және ХҚЕС(IFRS)7 «ХҚЕС(IFRS) 9 қолдану күні мен ауыспалы ашу» (2013 редакцияда), «Сақтандыруды есепке алу және ХҚЕС (IFRS)9, ХҚЕС(IFRS)7 және ХҚЕС(IAS)39 арналған түзетулерді алмастырды. Ұйым, 2018 жылғы 1 қаңтарда осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты ХҚЕС (IFRS) 9 (2014 жылғы редакцияда) қолдануы тиіс. Дегенмен, 2018 жылғы 1 қаңтарда басталатын жылдық кезеңдерге қатысты, ұйым ХҚЕС(IFRS) 9 (2014 жылғы редакцияда) қолданудың орнына ХҚЕС(IFRS)9 қолдана алады, бірақ тек қана, егер бастапқы қолданудың тиісті күні 2015 жылғы 1 ақпанға дейінгі кезеңге сәйкес келетін болса.

Қор жаңа және қайта қаралған стандарттар мен жаңа түсіндірулерді олардың күшіне ену күнінен бастап қолданатын болады. Қор басшылығының пікірі бойынша, аталған түзетулер Қордың қаржылық ахуалына немесе қызметінің нәтижелеріне елеулі әсер етпейді.

### **Қаржылық есептіліктің элементтерін тану**

Осы қаржылық есептілікке қаржылық есептіліктің элементтері болып табылатын барлық активтер, міндеттемелер, капитал, кіріс пен шығыстар енгізілген. Қаржылық есептіліктің барлық элементтері сызықтық мәтіндер түрінде ұсынылған. Қаржылық есептіліктің бірнеше элементтерін бір бапқа біріктіру олардың Қордың қызметіндегі сипаттамаларын (функцияларын) ескерумен жүргізілген. Ұқсас баптардың әр маңызды классы қаржылық есептілікте жеке ұсынылады. Сипатталуы немесе тағайындалуы ұқсамайтын баптар, егер маңызды болып табылмаса ғана, жеке ұсынылады.

### **Құнды бағалау үшін негіз**

Осы қаржылық есептілік тарихи күн негізінде дайындалған.

### **3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ АСПЕКТІЛЕРІ**

Осы қаржылық есептілікті дайындаған кезде қолданылған есеп саясатының негізгі аспектілері төменде келтірілген.

#### **Негізгі құралдар**

Меншікті негізгі құралдар қаржылық есептілікке түскен сәтте негізгі құралдарды сатып алу бойынша барлық нақты жүргізілген қажетті шығындарды қамтитын бастапқы күн бойынша көрсетіледі.

Актив ретінде бастапқы танығаннан кейін негізгі құралдар объектісі амортизацияны мен салдарынан жиналған құнсыздандудың шығындарын шегеріп тастағанда, қайта бағалау күніне оның әділ бағасы болып табылатын қайта бағаланған күн бойынша ескеріледі.

Қор қажеттілік туындаған сайын, негізгі құралдардың қайта бағалауын жүргізу үшін тәуелсіз бағалаушыларды тартады. НҚ қайта бағалау жалпы НҚ салықтық есеп топтары бойынша жүргізіледі. Қайта бағаланған активтердің амортизациясы да келесі әдіс бойынша қайта бағаланады: қайта бағалаудан кейін баланстық құн оның қайта бағаланған құнына тең болатындай, амортизацияны шегергенге дейін активтің баланстық құнының өзгеруіне пропорционалды. Негізгі құралдардың баланстық құнындағы қайта бағалау нәтижесіндегі өзгерістер қайта бағалауға резервтің құрамында ескеріледі. Қайта бағалауға резерв қайта бағаланған құралдар сияқты сол әдіс бойынша амортизацияланады және тікелей үлестірілмеген пайдаға есептен шығарылады.

Тозу тура сызықты әдісін пайдалы қолданудың бағаланған мерзімі бойы активтердің құнын есептен шығару үшін есептеледі. Пайдалы қызмет етудің болжаулы мерзімі, қалдық құны және тозуды есептеу әдісі әр жылдың соңында қайта қарастырылады және кез келген өзгерістер келешек негізде ескеріледі.

Есептік кезең ішінде негізгі құралдардың пайдалы қызмет етудің орташа бағаланған мерзімі келесідей болды:

<b>Негізгі құралдардың санаты</b>	<b>Пайдалы қолдану мерзімі, жыл</b>
Ғимараттар мен құрылыстар	125
Машиналар және жабдықтар	6-16
Көлік құралдары	7-10
Басқа негізгі құралдар	4-10

Пайдалануға жаңа енгізілген негізгі құралдарға амортизацияны есептеу енгізу айынан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап жүргізіледі, ал шығып кеткен негізгі құралдар бойынша шығу айынан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатылады.

Негізгі құралдарға кететін келесі шығындар активтің баланстық құнына кіргізіледі немесе осы активке байланысты болашақ экономикалық пайдаларды Компания алды және бұл активтің құны сенімді бағаланады



деген ықтималдылық болған жағдайда жеке актив сияқты танылады. Жөндеу және техникалық қызмет көрсету бойынша барлық басқа шығындар олар болған сол қаржылық кезең бойы кірістер мен шығыстарда көрсетіледі.

Қаржылық есептілікте негізгі құралдарды көрсету шыққан кезде немесе болашақта осы активті пайдаланудан немесе шығудан экономикалық пайданы алу күтілмеген жағдайда тоқтатылады. Активті есептен шығару нәтижесінде туындаған кіріс немесе шығыс (шығып кетуден таза түсімдер мен активтің баланстық құны арасындағы айырмашылық сияқты есептелген) актив жазылған есептік кезеңнің кірістері мен шығыстарына қосылады.

#### **Материалдық емес активтер**

Жеке сатып алынған материалдық емес активтер бастапқы таныған кезде өзіндік құн бойынша бағаланады. Компаниялардың бірігуі нәтижесінде сатып алынған материалдық емес активтердің бастапқы құны оларды сатып алу күніндегі әділ құны болып табылады.

Бастапқы танығаннан кейін материалдық емес актив жиналған амортизация мен құнсызданудан кез келген жиналған залалдарды шегеріп тастағанда, өзіндік құн бойынша есептелуі тиіс.

Амортизация нысандардың пайдалы қызмет етудің бағаланған мерзімі бойы құнды есептен шығару біркелкі (түзу сызықты) әдіс негізінде есептеледі:

<b>Материалдық емес активтің санаты</b>	<b>Пайдалы қолдану мерзімі</b>
Лицензиялық келісім	6,7 лет
Бағдарламалық қамтамасыз ету	10 лет
Патент	6,7 лет
Басқа материалдық емес активтер	6,7 лет

Пайдалы қолдану мерзімі шектелген материалдық емес активтер үшін амортизациялау кезеңі мен әдісі, кем дегенде, әр есептік жылдың соңында қайта қарастырылады. Пайдалы қолдану болжаулы мерзімін немесе активке енгізілген болашақ экономикалық пайдаларды тұтынудың болжаулы құрылымының өзгерісі қаржылық есептілікте жағдайға байланысты амортизация әдісі немесе кезеңінің өзгеруі сияқты көрсетіледі және бағалау мәндерінің өзгеруі сияқты ескеріледі. Пайдалы қолдану мерзімі шектелген материалдық емес активтердің амортизациясына шығындар жиынтық кіріс туралы есепте материалдық емес активтің функциясына сәйкес келетін шығыстар санатында танылады.

#### **Қаржы құралдары**

##### *Қаржы құралдарын бастапқы тану*

Қор өз есебінде қаржы активтер мен міндеттемелерін ол құрал бойынша шарт ережелерінің бөлігі болған кезде таниды. Қаржы активтер мен міндеттемелер мәмілені орындау күні есепте танылады.

Қаржы активтері немесе қаржы міндеттемелері пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланбайтын қаржы активтер немесе қаржы міндеттемелер жағдайында көбейтілген әділ құны бойынша қаржы активін немесе қаржы міндеттемелерін сатып алуға немесе шығаруға тікелей байланысты мәміле бойынша шығындарға бағаланады.

##### **Амортизациялық құн бойынша бағаланатын қаржы активтері**

Бастапқы тануда амортизациялық құн бойынша бағаланатын қаржы активтері осы қаржы активін сатып алуға немесе шығаруға тікелей байланысты мәміле бойынша шығындарды ескеріп, операцияның құны болып табылатын әділ құн бойынша бағаланады.

Амортизациялық құн бойынша бағаланатын қаржы активтерді қайта бағалау жүргізілмейді.

Екінші деңгейдегі банктерге салымдар «амортизациялық құн бойынша бағаланатын» қаржы құралдарына жатады.

Орналастырылған салымдар банк салымының жасалған ашрты негізінде салымның әр түрі бойынша жеке ескеріледі.

Салымдар бухгалтерлік есепте, жасалған шарттың талаптарымен басқаша белгіленбесе, шотқа ақша аудару сәтінде көрсетіледі.

Салымдар бойынша сыйақыны есептеу банк салымының шартында көрсетілген кезеңде және тәртіпте іске асырылады.



«Амортизациялық құн бойынша бағаланатын» санатына жіктелген қаржы активтерін келесі есепке алу бастапқы құн мен өтеу сомасы арасында айырмашылықтың амортизациясы пайызының тиімді мөлшерлеме әдісін қолданып, жиналған сомасына азайтылған немесе көбейтілген берешектің негізгі сомасын өтеуге төлемдерді шегеріп тастағанда, сонымен қатар қаржы активінің құнсызданудан мүмкін шығындарды жабуға резервтің (провизияның) шотын қолдану арқылы азайту сомасын шегеріп тастағанда, қаржы активтері бастапқы тану кезінде бағаланған құн болып келетін амортизациялық құн бойынша іске асырылады.

Дисконттың немесе амортизациялық құн бойынша бағаланатын қаржы активтері бойынша сыйақылар күнделікті негізде іске асырылады.

«Амортизациялық құн бойынша бағаланатын» санатынан қаржы активтерді сатқан кезде осы қаржы активтерінің «амортизациялық құн бойынша бағаланатын» санатына алдын ала қайта жіктелуі жүргізілмейді.

Әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтерін амортизациялық құн бойынша бағаланатын санатына ауыстыру Номиналды құнды, жиналған нарықтық қайта бағалауды және жеңілдіктерді/сыйақыларды тиісті шоттарға ауыстырып бағалау ережелеріне сәйкес анықталатын құн бойынша жүргізіледі.

Номиналды құн мен қайта жіктелен құнды қағазды бағалау ережелеріне сәйкес анықталған құнның арасындағы айырмашылық қаржы құралының қалған айналу мерзімі бойы амортизацияланады.

#### **Әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтері**

Қаржы активтер бастапқы тануда осы қаржы активін сатып алуға немесе шығаруға тікелей байланысты мәміле бойынша шығындарды есепке алмай, операция құны болып табылатын әділ құн бойынша бағаланады.

Қаржы активтерді бастапқы тану 13 «Әділ құнды бағалау» халықаралық қаржылық есептілік стандартымен (IFRS) белгіленген жағдайларда, сондай-ақ операция құны активтің әділ құны болып табылмаған жағдайда әділ құн бойынша іске асырылады.

Операция құны мен қаржы активін бастапқы тану кезінде туындайтын қаржы активінің әділ құны айырмашылығынан кіріс немесе шығыс сатып алу-сатудан болған кірістің немесе шығыстың құрамында танылады.

Әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активін сатып алуға немесе шығаруға тікелей байланысты мәміле бойынша шығындар кірістердің немесе шығыстардың құрамында танылады.

Әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтерді есепке алу Бағалау ережесіне сәйкес анықталатын құн бойынша жүргізіледі, оларды қайта бағалау кірістер мен шығыстардың тиісті шоттарына жатады және аптаның бірінші жұмыс күнінің соңына қарай жағдайы бойынша аптасына кем дегенде бір рет іске асырылады.

Дисконттың немесе әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтері бойынша сыйақылар қайта бағалауды жүргізген күні апта сайын іске асырылады.

Қаржы құралдарының амортизациялық құны бойынша бағаланатын қаржы активтерін әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтер санатына аудару Бағалау ережелеріне сәйкес анықталатын құн бойынша жүргізіледі.

Резервтердің (провизиялардың) құнсыздануы және қалыптастыру

Инвестициялар портфеліндегі, сонымен қатар Қордың дебиторлық берешегінің құрамындағы барлық қаржы құралдар құнсыздану затына тестіленеді.

Активтердің құнсыздануына (құнының азаюына) тесттерді Қор активтерінің Сенімді басқарушысымен қаржы құралдарының құнсыздану өлшемін анықтауға көмектесетін қажетті құжаттардың және өзге ақпараттың тәртібін, әдісін, мерзімділігін, тізімін анықтайтын Активтердің құнсыздану әдістемесіне сәйкес іске асырады.

Қор активтерінің құнсызданудан шығындарды жабуға қаржы құралдарының құнының азаю / резервтерді (провизияларды) қалыптастыру өлшемі бойынша шешімді Сенімді басқарушы қабылдайды. Резервтерді (провизияларды) мүмкін шығындардан қалыптастыру және қалпына келтіру Активтер бойынша тиісті шығыстардың есебінен қалыптасады.

Құнсызданудан шығындар бухгалтерлік есептің тиісті шоттарында резервтердің (провизиялардың) қалыптасқан өлшемінің толық көлемінде көрсетіледі және осы шығынды ОСМС жүйесінің Активтерінің шотына әрі қарай ауыстырырумен (үлестірумен) инвестициялық қызметтен шығыстарға жатады.

Қордың қаржы активтері ақша қаражатын және олардың баламаларын, сауда және өзге дебиторлық берешекті, берілген қарыздарды қамтиды.



#### *Қарыздар және дебиторлық берешек*

Қарыздар және дебиторлық берешек белсенді нарықта бағаланбайтын, белгіленген немесе анықталған төлемдермен туынды емес қаржы активтер болып келеді. Қарызды бастапқы бағалаудан кейін құнсыздануға резервті шегеріп тастағанда, пайыздың тиімді мөлшерлемесін қолданып, амортизацияланған құны бойынша ескеріледі. Амортизацияланған құн сатып алу кезінде туындаған жеңілдіктерді немесе сыйақыларды ескеріп есептеледі және пайыздың тиімді мөлшерлемесінің ажырамас бөлігі болып табылатын комиссиялық пайыздарды және мәмілені жасау бойынша шығындарды қамтиды. Пайыздың тиімді мөлшерлемесін қолдану негізіндегі амортизация кезеңнің пайдаларында немесе шығындарында қаржыландырудан кірістің құрамына кіргізіледі. Құнсыздануға байланысты шығыстар кезеңнің әкімшілік шығыстарының құрамына кіргізіледі. Активті тануды тоқтатқан кезде туындайтын кірістер мен шығыстар кезеңнің әкімшілік шығыстарының құрамында танылады.

Сауда дебиторлық берешек оған байланысты кіріс танылған кезде ғана танылады. Ол күмәнді қарыздарға түзетулерді, ақшалай жеңілдіктерді, сатылған тауарларды қайтаруды шегеріп тастағанда, бастапқы құны (берілген қаражаттың әділ құнына тең сатып алу құны) бойынша бағаланады.

#### *Қаржы активін тануды тоқтату*

Қаржы актив (немесе, қолданылатын жерінде – қаржы активінің бөлігі немесе ұқсас қаржы активтер тобының бөлігі) қаржылық жағдай туралы есепте танылуын, егер:

- активтен ақша ағындарын алу құқығының әрекет ету мерзімі аяқталды;
- Қор активтен ақша ағындарын алуға құқықты берсе немесе «транзиттік» келісімнің шарттарында үшінші тарапқа елеулі кешіктірусіз алынған ақша ағындарын толықтай аудару міндеттемесін қабылдаса; не (а) активтен болатын барлық тәуекелдер мен пайдаларды түгелдей берсе, не (б) бермесе, бірақ активтен болатын барлық тәуекелдер мен пайдаларды сақтап қалмаса, бірақ бұл активті бақылауды берсе, тоқтатады.
- Егер активтен ақша ағындарын алуға бар құқықты берсе немесе «транзиттік» келісім жасаса, және активтен болатын барлық тәуекелдер мен пайдаларды түгелдей бермесе, бірақ сақтамаса да, жаңа актив Қор берілген активте өз қатысуын жалғастыратын дәрежеде танылады. Бұл жағдайда Қор тиісті міндеттемені де таниды. Берілген актив пен тиісті міндеттеме Қор сақтаған құқықтар мен міндеттемелерді көрсететін негізде бағаланады.

Берілген актив бойынша кепілдің пішінін қабылдайтын жалғасып жатқан қатысуы келесі шамалардың ең азы бойынша танылады: активтің бастапқы баланстық құны немесе Қордан талап етілуі мүмкін төлемнің ең жоғары сомасы.

#### **Қаржылық міндеттемелер**

Қор ХҚЕС (IAS) 39 әрекет ету саласындағы өзінің қаржы міндеттемелерін келесі түрде жіктейді:

- пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы міндеттемелер;
- қарыздар және несие берешегі.

Қордың пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын ретінде бастапқы тану кезінде белгіленген қаржы міндеттемелері жоқ.

Қордың қаржы міндеттемелері ұзақ мерзімді қаржы міндеттемелерді, сауда және өзге кредиторлық берешекті қамтиды.


#### *Қарыздар және кредиторлық берешек*

Бастапқы тану кезінде алынған қарыздар әділ құн бойынша көрсетіледі.

Қарыздар сатып алудың бастапқы құны бойынша танылады, ол мәміле бойынша шығыстарды алып тастағанда, шыққан қаражаттың әділ құнына сәйкес келеді.

Шетел валютасымен көрсетілген қарыздардың құны қаражатты алу күніне қалыптасқан нарықтық бағам бойынша қайта есептегенде нақты шыққан қаражатқа сүйене отырып қалыптасады.

Шыққан қаражаттың әділ құны ұқсас құралдар бойынша нарықтық пайыз мөлшерлемелерін қолданып анықталады, олар едәуір ерекшеленген жағдайда – шыққан қарыз бойынша пайыздық мөлшерлемеден. Егер қысқа мерзімді қарыз сыйақы бойынша пайыздық мөлшерлемесіз алынған жағдайда, есепке алу сатып алудың бастапқы құны бойынша жүргізіледі.



Келесі кезеңдерде қарыздар пайыздың тиімді мөлшерлемесі әдісі қолданып амортизацияланған күн бойынша көрсетіледі.

Шыққан қаражаттың әділ құны (мәміле бойынша шығындарды алып тастағанда) мен өтеуге сома арасындағы айырмашылық қарыз берілген мерзім ішінде төлеуге жататын пайыз сияқты көрсетіледі.

#### *Қайта жіктеу*

Қайта жіктеу қағидатына сәйкес есептік күнінен кейін 12 ай бойы өтелетін ұзақ мерзімді қарыздың бөлігі қайта жіктеледі, яғни қысқа мерзімдіге жатқызылуы тиіс.

Қайта жіктеу келесі талаптарды бір уақытта орындаған жағдайда жүргізілмейді:

- қарыз алынған бастапқы мерзім 12 айдан асып кетті;
- қарыз шартын ұзарту немесе алдындағы қарызды өтеу үшін жаңа қарыз шартын, жаңа шарт бойынша өтеу мерзімі есептік күнінен бастап 12 айдан асып кететіндей жасау болжанады;
- ұзарту мүмкіндігі ұзартуға шартпен, немесе қаржылық есептілікті бекіту күніне дейін жасалған бастапқы қарыз шартын өтеу үшін жасалған шартымен расталған.

Есептік күнінен кейін көп дегенде 12 ай бойы өтеуге жататын, қайта қаржыландырылған немесе ұзартылған қарыздар Қоғамның ұзақ мерзімді қаржыландырудың бөлігі болып есептеледі және ұзақ мерзімді ретінде жіктелуі тиіс.

Ұзақ мерзімді қарыздар сыйақының тиімді мөлшерлемесін қолданып дисконтталған ақша қаражатының күтілетін болашақ ағындарының ағымдағы құны болып келетін амортизацияланған құны бойынша әр есептік күнге есепке алуға жатады. Берешектің бастапқы сомасы мен оның дисконтталған құны арасындағы айырмашылық амортизация сомасы болып келеді. Амортизацияның аталған сомасы берешектің сомасына, өтеу кезеңіне және тиімді пайыз мөлшерлемесіне сүйене отырып, барлық өтеу кезеңі бойы жыл сайын есептен шығаруға жатады.

Қысқа мерзімді қарыздар нақты алынған қаражатқа сүйене отырып, есепке алуға жатады.

Қарызды өтеуді дұрыс есепке алу үшін алдындағы тармақтарға толық сәйкестікте пайыздық шығыстардың барлық құрауыштарын есептеу қажет:

- іс жүзінде, пайыз (жиналған купондық кіріс);
- есептелген, бірақ төленбеген пайыздар бойынша бағамдық айырмашылықтар.

Өтеу сәтінде қарыздарың қалған құрауыштары бойынша барлық бағамдық айырмашылықтарды да есептеу қажет (негізгі сома, дисконт немесе сыйақы).

Өтеу сәті (жағдайы бойынша барлық есептеулер жүргізілетін) банк көшірмесі бойынша анықталады (ақшалай қаражатты аудару сәтінде), немесе қабылдау-тапсыру актісі бойынша (қарызды ақшалай қаражатпен емес реттеген жағдайда).

Барлық қажетті есептеулер жүргізілгеннен кейін қарызды өтеу жүргізіледі.

Қарыздар бойынша шығындар пайыздарды (банктік овердрафттер, қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді қарыз, қаржы жалдау бойынша) және қарыз қаражатын алуға байланысты басқа шығыстарды (қарыздарды алуды ұйымдастыруға байланысты көтерген шығындардың амортизациясы сияқты) қамтиды. Қарыздар бойынша шығындар қарыздарға байланысты сыйақылардың немесе жеңілдіктердің амортизациясын, пайыздарды төлеуге түзету болып есептелетін шамада шетел валютасында қарыздар нәтижесінде туындайтын бағам айырмашылықтарын қамтуы мүмкін.

Қарыздар бойынша шығындар қарызды алу талаптарына қарамастан, олар жүргізілген кезеңнің шығыстарымен танылады.

Сыйақыларды (мүддені) төлеуге барлық шығыстар және қарыздарға байланысты өзге шығыстар қаржыландыруға таза шығындардың бөлігі сияқты шалдыққан шығыстарға жатады. Қаржыландыруға таза шығындар қарыздар бойынша төлеуге сыйақыларды (қызығушылықты), инвестицияланған құралдар бойынша алуға сыйақыны (қызығушылықты), дивидендтер түріндегі кірісті, бағам айырмашылығынан пайда мен залалдарды қамтиды.

Қарыздар бойынша шығындарды есепке алуды Қор ХҚЕС 23 (Қарыздар бойынша шығындар) сәйкес іске асырылады.

Сауда және өзге кредиторлық берешек бастапқы танудан кейін тарихи құны бойынша ескеріледі.



Кірістер мен шығыстар қарыздар мен кредиторлық берешектің танылуы тоқтатылғанда немесе олардың құнсыздануы танылғанда, сондай-ақ амортизация процесінде қаржыландыруға кірістер мен шығындардың құрамында танылады.

*Қаржы міндеттеменің танылуын тоқтату*

Қаржылық есептілікте қаржы міндеттемені тану міндеттеме өтелген, жойылған немесе оның әрекет ету мерзімі аяқталған болса тоқтатылады.

Егер бар қаржы міндеттеме сол кредитордың алдында басқа талаптармен едәуір ерекшеленетін міндеттемемен алмастырылса немесе бар міндеттеменің талаптары едәуір өзгертілген болса, мұндай алмастыру немесе өзгерістер бастапқы міндеттеменің танылуын тоқтату және жаңа міндеттеменің танылуының басталуы сияқты ескеріледі, ал олардың баланстық құнындағы айырмашылық кезеңнің пайдалары мен залалдарында танылады.

*Қаржылық емес активтердің құнсыздануы*

Әр есептік кезеңнің соңына қарай Қор активтің құнсыздану белгілерінің болғанын анықтайды. Мұндай белгілер орын алса немесе активтің құнсыздануына жыл сайынғы тексеруді өткізу қажет болса, Қор активтің өтелетін құнының бағалауын жүргізеді. Активтің немесе ақша ағындарын генерациялайтын бөлімшесінің (бұдан әрі – ААГБ) өтелетін құны – бұл келесі шамалардың ең үлкені: сатуға шығындарды шегіргендегі активтің әділ құны (немесе ААГБ), және активті қолданудан құндылығы (немесе ААГБ). Өтелетін құн актив басқа активтермен немесе активтер топтарымен генерацияланатын ағындардан негізінде тәуелсіз ақша қаражатының ағындарын генерацияламаған кездегі жағдайларды қоспағанда, жеке актив үшін анықталады. Егер активтің немесе ақша ағындарын генерациялайтын бөлімшенің баланстық құны оның өтелетін құнынан асады, актив құнсызданған болып есептеледі және өтелетін құнға дейін есептен шығарылады. Қолданудан құндылықты бағалаған кезде, болашақ ақша ағындары ақшалардың уақытша құнының нарықтық бағасын және активке тиесілі тәуекелдерді көрсететін, салық салғанға дейін дисконттау мөлшерлемесі бойынша дисконтталады. Сатуға шығындарды шегеріп тастағанда әділ құнын анықтаған кезде тиісті бағалау үлгісі қолданылады. Бұл есептеулер бағалау коэффициенттерімен, еншілес компаниялардың акциялары нарығында еркін айналатын бағалар белгілеулермен немесе әділ құнының өзге қолжетімді көрсеткіштерімен расталады.

Жалғасып жатқан қызметтің құнсызданудан залалдар кезеңнің пайдалары мен залалдарында қайта бағалау өзге жиынтық кірістің құрамында танылған болған кезде, алдында қайта бағаланған жылжымайтын объектілерді қоспағанда, құнсызданған активтің функциялары сәйкес келетін шығындар санаттарының құрамында танылады. Бұл жағдайда құнсызданудан залал да алдында келтірілген қайта бағалау сомасының шегінде өзге жиынтық кірістің құрамында танылады.

Әр есептік кезеңнің соңына қарай Қор бұрын активтің құнсыздануынан (гудвиллды қоспағанда) танылған залалдардың енді болмайтынын немесе қысқарғанын белгілерінің болуын анықтайды. Егер мұндай белгі болса, Қор активтің немесе ақша ағындарын генерациялайтын бөлімшенің өтелетін құнын есептейді. Құнсызданудан алдына танылған залалдар құнсызданудан залалдың соңғы тану уақытынан, активтің өтелетін құнын анықтау үшін қолданылған бағалауда өзгеріс болған жағдайда ғана қалпына келтіріледі. Қалпына келу активтің баланстық құны оның өтелетін құнынан аспайтындай шектелген, сонымен қатар егер алдыңғы жылдары құнсызданудан залал танылмалған жағдайда осы актив танылатын амортизацияны шегеріп тастағанда, баланстық құнынан асып кете алмайды. Құнды мұндай қалпына келтіру кезеңнің пайдалар мен залалдарда танылады, актив қайта бағаланған құн бойынша ескерілген кездегі жағдайда қоспағанда. Соңғы жағдайда құнды қалпыға келтіру қайта бағалаудан құнның өсімі сияқты ескеріледі.

**Ақшалай қаражат және оның баламалары**

Ақшалай қаражат және оның баламалары кассадағы және Қордың банк шоттарындағы ақшалай қаражат және талап етілгенше салымдар болып саналады. Ақша баламалары - белгілі сомаға айырбастауға дайын, ақшалай қаражат өтеу мерзімі үш айдан аспайтын және құны өзгеруінің азғантай тәуекелімен байланысты қысқа мерзімді жоғары өтімді инвестициялар. Қаржылық жағдай туралы есепте банк овердрафттар несиелерге және қысқа мерзімді қаржы міндеттемелердің құрамындағы қарыздарға, үш айдан көп мерзімге салынған депозиттерге қосылады, инвестициялар ретінде қарастырылады және қысқа мерзімді (12 айға дейін мерзімге) мен ұзақ мерзімді (12 айдан көп мерзімге) болып бөлінеді, тендерлік өтінімді қамтамасыз етуге банк кепілдері өзге ағымдағы қаржы активтерге қосылады.



## **Қорлар**

Қорлар түскен сәтте өзіндік құны бойынша көрсетіледі, ол оларды сатып алу (құру) бойынша барлық іс жүзінде жүргізілген қажетті шығындарды қамтиды.

Сатып алынған қорлардың өзіндік құны келесіні қамтиды: қорларды сатып алуға шығындар, сақтау жеріне жеткізуге және тиісті түрге келтіруге байланысты көліктік-дайындама шығындарды. Дайын өнімнің және аяқталмаған өндірістің өзіндік құны шикізат пен материалдың құнын, өндірістік жұмыскерлердің еңбек ақысын және өзге тікелей шығындарды, сонымен қатар өндірістік шығыстардың тиісті үлесін қамтиды.

Қорлар Қордың шығыстарына орташа өлшенген құн әдісі бойынша есептен шығарылады және олардың өзіндік құны мәндерінің ең төмен мәні және сатудың мүмкін таза құны бойынша ескеріледі. Сатудың таза мүмкін құны жұмыстарды орындауға және сатуға мүмкін шығындарға кететін мүмкін шығындарды шегеріп тастап, қаржылық-шаруашылық қызметті әдеттегідей жүргізген кезде сатудың болжаулы құны болып табылады.

### *Қорлардың құнын төмендеуге резерв*

Қорлардың нарықтық бағасы бір есептік жылдың ішінде төмендеген жағдайда, сондай-ақ Қор оларды мүмкін бұлінуіне, зақымдануына немесе ескіруіне бола пайдаланбайды немесе сатылады деп есептесе, қорлардың құнын төмендету ресурсы құрылады.

Қорлардың ағымдағы нарықтық құнын есептеу қаржылық есептілікке қол қою күніне дейін қолжетімді ақпараттың негізінде мамандармен жүргізіледі. Қорлардың ағымдағы нарықтық құнын есептеудің расталуы қамтамасыз етілуі тиіс.

Растау қорларды бағалауды жүргізген комиссияның есебі түрінде рәсімделеді, оның ішінде запстардың нарықтық құнының өзгеру себептері, олардың құнының төмендеу шамасы көрсетіледі.

Қорлардың құнын төмендету астына резерв ағымдағы нарықтық құны мен қорлардың нақты өзіндік құны арасындағы айырмашылықтың мөлшерінде қалыптасады, егер соңғысы ағымдағы нарықтық құннан жоғары болса.

Қорлардың құнын төмендету және айналымы төмен қорлар бойынша резерв.

Қорлардың әр негізгі тауарлық топ бойынша оның күндермен айналымдылығы анықталады, және қорлар қоймада сақталған мерзім оның орташа статистикалық айналымдылығынан төрт есе асып кетсе, онда резервке қорлардың осы тауарлық тобының толық құны қосылады.

### *Қорларды арзандату*

Қорларды арзандату қорлардың сақтау мерзімі қоймаға түскен күнінен бастап 12 айдан жоғары болса, ағымдағы кезеңнің шығыстары есебінен қорларды есептен шығаруға 100% резервті құру арқылы жүргізіледі. Арзандату бойынша талап кеңсе тауарларына, сондай-ақ дайын өнімнің немесе көрсетілген қызметтің өзіндік құнын қалыптастыратын қорларға тарамайды.

Егер қорлар физикалық зақымдар болғандықтан 12 ай өткенге дейін пайдалануға жарамсыз болып қалса, онда бұл қорлар олардың жарамсыздығын құжаттармен растау сәтінде 100% мөлшерінде арзандатуға жатады.

Егер арзандатылған қорлар пайдалануға берілсе, онда резервтердің сомасы қалпына келтіріледі (жойылады) және қорлардың баланстық құны есептен шығарылады.

Болашақта пайдалану қажеттілігі болмағандықтан қорларды баланстан шығару 100% мөлшерінде резервтер құрылған қорларға ғана жүргізіледі. Қорларды баланстан шығару Қордың атқарушы органының шешімі негізінде құрылған резервтердің есебінен іске асырылады.

## **Резервтер**

Егер Қорда өткен оқиғалар нәтижесінде туындаған ағымдағы міндеттемеге ие болса (заңды немесе практикадан шығатын), осы міндеттемені өтеу үшін талап етілетін экономикалық пайданың кетуі ықтимал болып табылады және осындай міндеттеме сомасына сенімді бағалау алынуы керек жағдайда резервтер танылады. Егер Қор мысалы сақтандыру шарты бойынша барлық немесе бірнеше бөлікті резервтерді өтеу алуды болжаса, өтеу жеке актив ретінде танылады, бірақ бұл жағдайда өтеу алу күмәнге жатпайды. Резервке қатысты шығын өтемді шегерумен пайдада және залалдарда көрініс табады. Егер ақшаның уақытша құнының әсері елеулі болса, резервтер қажет жағдайда нақты міндеттемелер үшін тән тәуекелді көрсететін салық салғанға дейінгі ағымдағы мөлшерлеме бойынша дисконтталады. Егер дисконттау қолданылса, онда уақыт өте келе резерв ұлғаюы қаржыландыруға шығын ретінде танылады.



## **Түсім мен шығыстарды тану**

Қор шаруашылық операциялардан экономикалық пайда ала алады және түсім сомасы нақты бағалана алады деген ықтималдық болған кезде түсім танылады. Түсім сатудан жеңілдіктерді және өзге салықтарды немесе сатудан баждарды алып тастағанда, шыққан сыйақының әділ құны бойынша бағаланады. Түсімді қаржылық есептілікте тану үшін келесі критерийлер орындалуы тиіс:

Қызметтерді көрсету. Кірістер ақырғы нәтиже сенімді бағаланады деген жағдайда ғана қаржылық есептіліктің күні мәміленің аяқталу дәрежесіне байланысты танылады. Аяқталу дәрежесі жасалған жұмыс туралы есептер бойынша анықталады.

Операциялық жалға алудан кіріс жалға алудың мерзімі бойы біркелкі негізде кірістердің құрамында көрінісін табады.

## **Шығыстар**

Шығыстар ақшаның немесе ақша баламаларының қай кезде төленгеніне қарамастан, тиісті тауарлардың немесе қызметтердің нақты шығындалу сәтінде ескеріледі және қаржылық есептілікте олар жататын кезеңде көрсетіледі.

## **Салық салу**

Табыс салығы бойынша шығыстар төлеуге жататын ағымдағы табыс салығының және кейінге қалдырылған салық сомасы болып келеді.

### *Ағымдағы корпоративтік табыс салығы*

Ағымдағы кезең үшін корпоративтік табыс салығы бойынша салықтық міндеттемелер салық органдарына төлеуге болжанатын сома бойынша бағаланады. Салық мөлшерлемелері мен осы есептеу үшін қолданылатын салық заңнамасы – бұл есептік күнге қабылданған немесе нақты қабылданған мөлшерлемелер мен заңнама.

### *Кейінге қалдырылған табыс салығы*

Кейінге қалдырылған салық міндеттемелер әдісі бойынша есептік күнге активтер мен міндеттемелердің салық базасының және қаржылық есептілік үшін олардың баланстық құны арасындағы уақыт айырмашылығын анықтау арқылы есептеледі.

Кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер барлық салық салынатын уақыт айырмашылықтары бойынша танылады, мына жағдайларды қоспағанда:

- кейінге қалдырылған салықтық міндеттеме гудвилды, активті немесе міндеттемені бастапқы тану нәтижесінде, бизнесті біріктіру болып табылмайтын мәміле барысында туындайды және операцияны жасау сәтінде не бухгалтерлік пайдаға, не салық салынатын пайдаға немесе залалға әсер етпейді;
- еншілес компанияларға, қауымдастырылған компанияларға инвестициялармен, сондай-ақ бірлескен қызметте қатысу үлестеріне байланысты салық салынатын уақыт айырмашылықтарына қатысты, егер уақыт айырмашылығын азайту уақытында таратуды бақылауға болатын болса, және уақыт айырмашылығы көз жетерлік келешекте азаймайды деген маңызды ықтималдылық бар.

Кейінге қалдырылған салық активтері барлық шегерілетін уақыт айырмашылықтары, қолданылмаған салық жеңілдіктері және қолданылмаған салық залалдары бойынша салық салынатын пайда болатын елеулі ықтималдылық бар дәрежеде танылады, оған қарсы шегерілетін уақыт айырмашылықтары, қолданылмаған салық жеңілдіктері және қолданылмаған салық залалдары есептелуі мүмкін, келесі жағдайлардан басқа:

- шегерілетін уақыт айырмашылығына жататын кейінге қалдырылған салық активі бизнесті біріктіру салдарынан емес туындаған активті немесе міндеттемені бастапқы тану нәтижесінде және операцияны орындау сәтінде бухгалтерлік пайдаға да, салық салынатын айдаға немесе залалға да әсер етпейтін кезде туындайды;
- еншілес компанияларға, қауымдастырылған компанияларға инвестициялармен, сондай-ақ бірлескен қызметте қатысу үлестеріне байланысты шегерілетін уақыт айырмашылықтарына қатысты, кейінге қалдырылған салық активтері уақыт айырмашылықтары көз жетерлік болашақта қолданылады және уақыт айырмашылықтары қарсы қолданылуы мүмкін салық салынатын пайда орын алады деген ықтималдылық бар дәрежеде ғана танылады.

Кейінге қалдырылған салық активтерінің баланстық құны әр есептік күнге қайта қарастырылады және кейінге қалдырылған салық активтерін барлығын немесе бір бөлігін қолдануға мүмкіндік беретін жеткілікті салық салынатын пайдаға қол жеткізу мүмкіндігі аз сияқты бағаланатын дәрежеде төмендетіледі. Танылмаған кейінге қалдырылған салық активтері әр есептік күні қайта қарастырылады және болашақ салық салынатын пайда кейінге қалдырылған салық активтерін пайдалануға мүмкіндік береді деген елеулі ықтималдылық шыққан дәрежеде танылады.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері есептік күнге жағдайы бойынша қабылданған немесе нақты қабылданған салық мөлшерлемелері (және салық заңнамасы) негізінде актив сатылатын, ал міндеттеме өтелетін есептік жылда қолданылады деп болжанатын салық мөлшерлемелер бойынша бағаланады.



Пайданың немесе залалдың құрамында емес деп танылған баптарға жататын кейінге қалдырылған салық та пайданың немесе залалдың құрамында танылмайды. Кейінге қалдырылған салықтардың баптары оардың негізінде жатқан операцияларға сәйкес немесе өзге жиынтық кірістің құрамында немесе тікелей капиталда танылады.

#### **Жұмыскерлердің сыйақыларынан аударымдар**

Қор Қазақстан Республикасының бюджетіне Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес еңбек ақыдан 11% бірыңғай мөлшерлеме бойынша әлеуметтік салықты төлейді.  
Қор өз қызметкерлерінің еңбек ақыларынан 10%, бірақ 2016 жылы бір ызметкерге айына 171 442 теңгеден көп емес, зейнетақы қорына аударымдар ретінде ұстап қалады. Сонымен қатар Қор жұмыскерлердің еңбек ақысынан 10% бірыңғай мөлшерлеме бойынша табыс салығын ұстап, оны Қазақстан Республикасының бюджетіне төлейді.

#### **Байланысқан тараптармен мәмілелер**

Байланысқан тараптар акционерлермен, еншілес кәсіпорындармен және қауымдастырылған ұйымдармен арақатынастарды және негізгі басқарушылық персоналды қамтиды.

#### **Өзара есептесу**

Өзара есептесу операциялары ақшалай емес есептеулер нәтижесінде алынатын немесе жеткізілетін активтердің әділ құнын есептеу негізінде танылады. Өзара есептесулерді жүргізу мүмкіндігі шарттарда шартталған. Ақшалай емес операциялар ақша қаражатының жылжуы туралы есебінен алынып тасталған. Сондықтан инвестициялық қаржылық операциялыр және операциялық қызметтің нәтижесі нақты ақшалай операциялар болып келеді.

#### **Жарғылық активтер және міндеттемелер**

Мүмкін актив сияқты өткен оқиғалардан туындайтын және оның болуы бір немесе одан көп анықталмаған болашақ оқиғалардың басталуымен немсе басталмауымен ғана расталатын шартты актив, қаржылық есептілікте танылмайды. Шартты актив экономикалық пайдалардың түсімі ықтимал болып табылатын қаржылық есептілікке ескертпелерде ашылады.

Шартты міндеттемелер қаржылық есептілікте ескерілмейді. Олар, егер экономикалық пайданы алумен түйіндесетін ресурстардың ағып кету мүмкіндігі өкіталай болып табылмаса ғана ашылады.

#### **Кейінгі оқиғалар**

Кезеңнің аяқталғаннан кейін болған, қаржылық есептілікті құру күніне Қордың жағдайы туралы қосымша ақпаратты ұсынатын оқиғалар (түзету оқиғалары) қаржылық есептілікте көрінісін табады.

### **4. АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БАЛАМАЛАРЫ**

31 желтоқсанға жағдайы бойынша ақшалай қаражат келесі түрде ұсынылған:

Мың теңгемен	Ескер.	31 желтоқсан 2016 жыл	31 желтоқсан 2015 жыл
Ақшалай қаражат ағымдағы банк шоттарында		106 049	-
Кассадағы бар ақша		-	-
<b>Жиыны</b>		<b>106 049</b>	<b>-</b>

31 желтоқсанда ағымдағы шоттардағы ақшалай қаражат:

Мың теңгемен	Шоттың нөмірі	Валюта	31 желтоқсан 2016 жыл	31 желтоқсан 2015 жыл
«Forte Bank» АҚ	KZ7296503F000750028	KZT	106 049	-
<b>Жиыны</b>			<b>106 049</b>	<b>-</b>

31 желтоқсанға жағдайы бойынша ақшалай қаражат және олардың баламалары келесі валюталармен ұсынылған:

Мың теңгемен	Валюта	31 желтоқсан 2016 жыл	31 желтоқсан 2015 жыл
АҚШ долларлары	KZT	-	-
Еуро	KZT	-	-
Қазақстан теңгесі	KZT	106 049	-
<b>Жиыны</b>		<b>106 049</b>	<b>-</b>



**5. ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ САУДА ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК**

31 желтоқсанда қысқа мерзімді сауда және өзге дебиторлық берешек келесі түрде ұсынылған:

Мың теңгемен	Ескер.	31 желтоқсан 2016 жыл	31 желтоқсан 2015 жыл
*Қысқа мерзімді сыйақылар алуға		349	-
<b>Жиыны</b>		<b>349</b>	<b>-</b>

\*Қысқа мерзімді сыйақылар алуға Қордың банк шотындағы ақшаның орташа айлық қалдыққа сыйақы болып келеді,

Қор кем дегенде 5 млн теңге мөлшеріндегі күн саынғы төмендемейтін ақша қалдығын 5% мөлшерінде (жылдық тиімді мөлшерлеме) «Forte Bank» АҚ –мен 29.09.2016 ж. № 19207

Банк шоты шартына 08.12.2016 ж. жасалған Қосымша келісім негізінде ұстап тұру.

31 желтоқсанға жағдайы бойынша қысқа мерзімді сауда және өзге дебиторлық берешек теңгемен көрсетілген.

Мың теңгемен	Ескер.	31 желтоқсан 2016 жыл	31 желтоқсан 2015 жыл
«Forte Bank» АҚ		349	-
<b>Жиыны</b>		<b>349</b>	<b>-</b>

**6. ТАУАРЛЫҚ-МАТЕРИАЛДЫҚ ҚОРЛАР**

31 желтоқсанға жағдайы бойынша тауарлы-материалдық қорлар келесі түрде ұсынылған:

Мың теңгемен	Ескер.	31 желтоқсан 2016 жыл	31 желтоқсан 2015 жыл
Шикізат және материалдар (кеңсе тауарлары)		25	-
<b>Жиыны</b>		<b>25</b>	<b>-</b>

Тауарлық-материалдық қорлардың жылжуы келесідей болды:

Мың теңгемен	Ескер.	31 желтоқсан 2016 жыл	31 желтоқсан 2015 жыл
<b>Басындағы сальдо</b>		-	-
Түсті		81	-
Өткен жылдардың қателерін түзету		-	-
Жеке мұқтаждықтарға қолданылған		56	-
Іске асырылған		-	-
<b>Соңындағы сальдо</b>		<b>25</b>	<b>-</b>

**7. КОРПОРАТИВТІК ТАБЫС САЛЫҒЫ (122 ЖОЛ)**

Мың теңгемен	2016 жыл	2015 жыл
Ағымдағы табыс салығы бойынша шығыстар	-	-
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша шығыс / (жеңілдік)	(806)	-
<b>Табыс салығы бойынша шығыстар/ (жеңілдік)</b>	<b>(806)</b>	<b>-</b>

Қордың кірістеріне Қазақстан Республикасында ғана салық салынады.

Төменде табыс салығының ресми мөлшерлемесі бойынша салықтарды төлегенге дейін кірістен табыс салығының есептік сомасын табыс салығы бойынша шығыспен салыстырылуы ұсынылған:

Мың теңгемен	2016 жыл	2015 жыл
Бухгалтерлік пайда /(залал) табыс салығын есепке алғанға дейін	(4 270)	-
Ресми салық мөлшерлемесі	20%	-
<b>Табыс салығы бойынша (шығыстардың) / үнемдеудің есеп сомасы</b>	<b>(854)</b>	<b>-</b>

**Тұрақты айырмашылықтардың салықтық әсері**



Өзге тұрақты айырмашылықтар	48	-
<b>Табыс салығы бойынша шығыстар</b>	<b>(806)</b>	<b>-</b>

31 желтоқсанда кейінге қалдырылған салық бойынша активтер мен міндеттемелердің компоненттері келесі түрде ұсынылған:

Мың теңгемен	Бухгалтерлік баланс		Пайда мен залал туралы есеп	
	31 желтоқсан 2016 жыл	31 желтоқсан 2015 жыл	2016 жыл	2015 жыл
<b>Кейінге қалдырылған салық (активтер)/міндеттемелер</b>				
Салықтар	(48)	-	(48)	-
Демалыстар бойынша резервтер				
Тасымалданатын залал	(758)	-	(758)	-
Негізгі құралдар және материалдық емес активтер				
<b>Кейінге қалдырылған салық активтері, жиыны</b>	<b>(806)</b>	<b>-</b>	<b>(806)</b>	<b>-</b>

#### 8. ЖЕТКІЗУШІЛЕРМЕН ЕСЕП АЙЫРЫСУ ЖӘНЕ ӨЗГЕ КРЕДИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

Мың теңгемен	Ескер.	31 желтоқсан 2016 жыл	31 желтоқсан 2015 жыл
Сауда кредиторлық берешек		1 439	-
<b>Жиыны</b>		<b>1 439</b>	<b>-</b>

Сауда кредиторлық берешек туралы апарат валюталар кескінінде төменде ұсынылған:

	Шетел валютасында баламалы	31 желтоқсан 2016 жыл, мың теңге	Шетел валютасында баламалы	31 желтоқсан 2015 жыл, мың теңге
Теңге	-	1 439	-	-
АҚШ долларлары	-	-	-	-
<b>Жиыны</b>		<b>1 439</b>		<b>-</b>

31 желтоқсанға жағдайы бойынша сауда кредиторлық берешек келесі контрагенттермен ұсынылған:

Мың теңгемен	31 желтоқсан 2016 жыл	31 желтоқсан 2015 жыл
«Транстелеком» АҚ, Астана қ. филиалы	16	-
«Astana Group KZ» ЖШС	1 315	-
ЖК Мукашев М.Р.	81	-
АҚ-ның құнды қағаздарының бірыңғай тіркеуіші	27	-
<b>Жиыны</b>	<b>1 439</b>	<b>-</b>

#### 9. ЖҰМЫСКЕРЛЕРГЕ СЫЙАҚЫЛАР

31 желтоқсанда жұмыскерлерге сыйақыларға келесілер кірді:

Мың теңгемен	Ескер.	31 желтоқсан 2016 жыл	31 желтоқсан 2015 жыл
Еңбек ақы бойынша берешек		2 362	-
Зейнетақы жарналары бойынша міндеттемелер		290	-
Әлеуметтік аударымдар бойынша міндеттемелер		49	-
<b>Жиыны</b>		<b>2 701</b>	<b>-</b>



"Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры" коммерциялық емес акционерлік қоғамы  
2016 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін қаржылық есептілік

**10. ӨЗГЕ ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР**

31 желтоқсанда өзге қысқа мерзімді міндеттемелерге келесілер кірді:

Мың теңгемен	Ескер.	31 желтоқсан 2016 жыл	31 желтоқсан 2015 жыл
Букатаев Асқар Сағадатович*		9	-
<b>Жиыны</b>		<b>9</b>	<b>-</b>

\*Букатаев Асқар Сағадатовичқа Қорды бастапқы заңды рәсімдеу, банк шотын ашып бергені үшін берешек.

**11. САЛЫҚТАР ЖӘНЕ БЮДЖЕТКЕ ӨЗГЕ ТӨЛЕМДЕР БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕР**

Мың теңгемен	Ескер.	31 желтоқсан 2016 жыл	31 желтоқсан 2015 жыл
Жеке табыс салығы		255	-
Әлеуметтік салық		239	-
<b>Жиыны</b>		<b>494</b>	<b>-</b>

**12. ЖАРҒЫЛЫҚ (АКЦИОНЕРЛІК) КАПИТАЛ**

2016 жылдың 31 желтоқсанына жағдайы бойынша «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ-ның жалғыз акционері Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің тұлғасындағы Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады. Қор акцияларының мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығын Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі іске асырады.

Соңғы бақылау тарабы акционер болып табылады.

2016 жылдың 31 желтоқсанына жарияланған жарғылық капитал толығымен құрылған.

Жарғылық капиталдың жылжуы келесі түрде ұсынылған:

Мың теңге	31 желтоқсан 2016 жыл	31 желтоқсан 2015 жыл
<b>01 қаңтар</b>	-	-
Қатысушылардың жарналары	106 050	-
<b>31 желтоқсан</b>	<b>106 050</b>	<b>-</b>

**13. ҮЛЕСТІРІЛМЕГЕН ПАЙДА (ЖАБЫЛМАҒАН ШЫҒЫН)**

Атауы	2016	2015
Алдыңғы жылдардың үлестірілмеген пайдасы (жабылмаған шығыны)	-	-
Есептік жылдың пайдасы/залалы	(3 464)	-
<b>Жиыны</b>	<b>(3 464)</b>	<b>-</b>

**14. ӘКІМШІЛІК КІРІСТЕР**

31 желтоқсанда аяқталған есептік кезең ішінде әкімшілік кірістер келесі түрде ұсынылған:

Мың теңгемен	2016 жыл	2015 жыл
Еңбек ақысы бойынша есептеулер	2 907	-
Салықтар және алымдар	239	-
Әлеуметтік аударымдар	49	-
Кеңсе жайларын жалға алу	1 315	-
Байланыс және интернет қызметтері	16	-
Өзге ТМҚ	2	-
Кеңсе тауарлары	54	-
БҚҚТ қызметтері	27	-
Банк қызметтері	10	-
<b>Жиыны</b>	<b>4 619</b>	<b>-</b>



## 15. ӨЗГЕ ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ЕМЕС КІРІСТЕР

31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін өзге операциялық емес кірістер келесі түрде ұсынылған:

Мың теңгемен	Ескер.	2016 жыл	2015 жыл
Қордың банк шотындағы орташа айлық қалдыққа сыйақы	5	349	-
<b>Жиыны</b>		<b>349</b>	<b>-</b>

## 16. ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

Өзінің әдеттегі қызмет шеңберінде Қор нарықтық және кредиттік тәуекелге, сондай-ақ өтімділік тәуекеліне шалдығады. Қор спекуляциялық қаржылық қызметпен айналыспайды. Қор нарықтық валюталық пен пайыздық тәуекелдерді хеджирлемейді. Қордың негізгі қаржы құралдары ақшалай қаражат және олардың баламаларын, сауда дебиторлық және кредиторлық берешекті қамтиды.

Басшылық аталған тәуекелдердің әр қайсысын басқару принциптерін қарастырып бекітеді; сол принциптер төменде келтірілген.

Сонымен қатар осы тарауда сезімталдық талдауы да қарастырылады, ол Қордың қаржылық есептілігінің нарықтық ауыспалылардың өзгеруіне сезімталдығын көрсетуге, сонымен қатар мүмкіндігінше жиынтық кіріс туралы есеп пен капиталға әсерін көрсетуге арналған. Нарықтық тәуекелге шалдығатын қаржы құралдары дебиторлық пен кредиторлық берешекті қамтиды.

Сезімталдық талдамасы 2016 жылы 31 желтоқсанда аяқталған есептік кезең үшін берешек сомаларын, сондай-ақ аталған есептік күні болған өзге қаржы активтер мен міндеттемелерді қолданып дайындалған.

### Нарықтық тәуекел

Нарықтық тәуекел нарық бағаларының өзгеруі нәтижесінде қаржы құралы құнының мүмкін ауытқуын қамтиды. Қор нарықтық тәуекелді қызметті жоспарлаған кезде қарастырылатын нарықтық конъюктурасының теріс өзгеруінің салдарынан туындауы мүмкін әлеуетті залалдарды жүйелі бағалау арқылы басқарады.

### Өтімділік тәуекелі

Өтімділік тәуекелі – бұл Қорда қаржы құралдарына байланысты міндеттемелерді өтеу үшін қаражатты тартқан кезде қиындықтардың туындау тәуекелі. Өтімділік тәуекелі қаржы активті оның әділ құнынан жақын баға бойынша дереу сату мүмкін емес болудың нәтижесінде туындау мүмкін.

Қор жүйелі түрде өтімді құралдардың қажеттілігін қадағалайды, және басшылық кез келген жаңа міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті көлемде құралдардың болуын қамтамасыз етеді. Талап бойынша төлеуге жататын Қордың қаржы міндеттемелерінің орташа өтеу мерзімі 3 айдан төмен.

Төмендегі кестеде Қордың 2016 жылдың 31 желтоқсанына шарттар бойынша дисконтталмаған төлемдердің негізінде қаржы міндеттемелерді өтеу мерзімінің басталғаны туралы ақпарат келтірілген:

Мың теңгемен	31 желтоқсан 2016 жыл			
	Талап бойынша	3 айдан аз	3-тен 12 айға дейін	Барлығы
<b>Қаржы активтер</b>				
Ақшалай қаражат және олардың баламалары	106 049			106 049
Сауда дебиторлық берешек		349		349
	<b>106 049</b>	<b>349</b>		<b>106 398</b>
<b>Қаржы міндеттемелер</b>				
Сауда кредиторлық берешек		1 439		1 439
Төлеуге өзге де салықтар		494		494
Өзгеағымдағы міндеттемелер		2 710		2 710
		<b>4 643</b>		<b>4 643</b>

Қорда әлеуетті кредиттік тәуекел туындайтын қаржы құралдары сауда дебиторлық берешекпен және ақша құралдарымен ұсынылған. Контрагенттер олардың талаптарын орындамаған жағдайда Қор келісімдердің құны мөлшерінде залалға ұшырау мүмкін болған уақытта, ол залалдардың осындай түрлерінің туындауын күтпейді.



"Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры" коммерциялық емес акционерлік қоғамы  
2016 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін қаржылық есептілік

мың теңге	Ескер.	2016	2015
Қысқа мерзімді сауда және өзге дебиторлық берешек		349	-
<b>Жиыны</b>		<b>349</b>	<b>-</b>

Қордың негізгі қаржылық құралдары ақшалай қаражатты және олардың баламаларын, қарыздар бойынша берешекті, сондай-ақ сауда мен өзге дебиторлық және кредиторлық берекшті қамтиды, олардың мақсаты – Қордың операциялары үшін қаржыландыруды алу.

*Қаржы құралдарының санаттары*

31 желтоқсанға жағдайы бойынша қаржы құралдары келесі түрде ұсынылған:

мың теңге	2016	2015
<b>Қаржы активтер</b>		
Ақшалай қаражат және олардың баламалары	106 049	-
Қр. сауда және өзге дебиторлық берешек	349	-
Ұзақ мерзімді дебиторлық берешек	-	-
<b>Жиыны</b>	<b>106 398</b>	<b>-</b>
<b>Қаржы міндеттемелер</b>		
Қысқа мерзімді сауда және өзге кредиторлық берешек	1 448	-
Өзге қысқа мерзімді міндеттемелер	494	-
<b>Жиыны</b>	<b>1 942</b>	<b>-</b>
<b>Кезеңнің соңындағы таза позиция</b>	<b>104 456</b>	<b>-</b>

Қордың қаржы құралдарынан туындайтын негізгі тәуекелдер несие тәуекелі мен өтімділік тәуекелі болып табылады.

**Ақшалай қаражат және рейтингтер бойынша қаржы активтер**

Келесі кесте екінші деңгейлі банктер бойынша тиісті есептік күндерге кредиттік рейтингтерді көрсетеді:

Мың теңгемен	Қаржылық есептілікті шығару күніне кредиттік рейтинг	Сوما, мың теңге	
		31 желтоқсан 2016 жыл	31 желтоқсан 2015 жыл
«Forte Bank» АҚ	В/тұрақты/В, kzBB	106 049	-
<b>Жиыны</b>		<b>106 049</b>	<b>-</b>

Рейтингтің болжамы алдағы екі-үш жылда рейтингтің мүмкін жылжу бағытын көрсетеді.

*Позитивті* - рейтинг жоғарылауы мүмкін.

*Негативтік* - рейтинг төмендеуі мүмкін.

*Тұрақты* – өзгерістер болмауы мүмкін.

*Дамып келе жатқан* – рейтингтің жоғарылауы немесе төмендеуі мүмкін.

**Кредиттік тәуекел**

Кредиттік тәуекел – бұл қаржы құралы бойынша бір тарап міндеттемелерін орындай алмай, екінші тарапты қаржылық залалға ұшыраудың тәуекелі. Қор өзінің операциялық қызметінің нәтижесінде кредиттік тәуекелге ұшырауы мүмкін. Қордың басшылығы жақында өткен халықаралық кредиттік дағдарыс пен жергілікті банктердің кредиттік рейтингтерінің келесі өзгерістері төтенше кредиттік тәуекелдік ақталуы болып табылмайды деп есептейді. Тиісінше, банк шоттары бойынша құнсыздануға резерв қажет емес.

Операциялардың бар деңгейінде Басшылық Қорды кредиттік бақылаудың тиісті процедураларын орнатты деп есептейді, бұл Қорға танылған, кредит төлеуге қабілетті үшінші тараптармен сауда операцияларын іске асыруға мүмкіндік береді. Қор бар дебиторлық берешектің тұрақты мониторингін іске асырады, нәтижесінде сенімсіз берешектің туындау тәуекелі маңызды емес болып табылады. Кредиттік тәуекелдер жеке құнсыздану рәсімінен өтеді.

Ақшалай қаражатты және олардың баламаларын, сауда және өзге дебиторлық берешекті қамтитын Қордың өзге қаржы активтер бойынша туындайтын кредиттік тәуекелге қатысты, Қордың кредиттік тәуекелге шалдығуы контрагенттің дефолты нәтижесінде туындайды, ал тәуекелдің ең жоғары өлшемі осы құралдардың ағымдағы құнына тең.



### **Қаржы құралдарының әділ құны**

Әділ құн мәжбүрлі сатудан немесе таратудан ерекшеленетін мәмілені жасауға қалайтын тараптардың арасындағы ағымдағы мәміленің нәтижесінде құрал алмастырылуы мүмкін сома болып келеді.

Басшылық Қордың ақшалай қаражатынан және олардың баламаларынан, сауда және өзге дебиторлық берешектен, сондай-ақ өзге төлеуге жататын салықтар мен өзге ағымдағы міндеттемелерден тұратын қаржы активтер мен міндеттемелерінің баланстық құны олардың 2016 жылдың 31 желтоқсанындағы әділ құнынан қатты ерекшеленбейтініне сенімді.

### **Капиталды басқару**

Компания берешек пен капиталдың балансын тиімдендіру арқылы мүдделі тараптар үшін кірісті барынша көбейтумен қатар үздіксіз қызмет принципін ұстану үшін өз капиталын басқарады. Қордың құрылымы жарғылық капитал мен таза табысты қамтитын міндеттемелер мен капиталды қамтитын берешектен тұрады. Қордың басшылығы капитал құрылымының талдауын іске асырады. Қор қарапайым акциялар бойынша дивидендтерді есептемейді және төлемейді.

<b>Мың теңгемен</b>	<b>2016</b>	<b>2015</b>
Берешек	4	-
Ақшалай қаражат пен олардың баламаларын шегергенде	106 049	-
Таза берешек	-	-
Меншікті капитал	102 586	-
Таза капиталдандыру	102 586	-
<b>Таза берешектің капиталдандыруға арақатынасы</b>	-	-

### **Операциялық тәуекел**

Операциялық тәуекел – бұл жүйелік істен шығудың, персоналдың қателерінің, алаяқтықтың немесе сыртқы оқиғалардың салдарынан туындайтын тәуекел. Бақылау жүйесі әрекет етуін тоқтатқан кезде, операциялық тәуекелдер абыройға зиян келтіруі, құқықтық салдарлары болуы немесе қаржылық залалдарға әкелуі мүмкін. Қор барлық операциялық тәуекелдердің жойылғаны туралы болжам ұсына алмайды, бірақ әлеуетті тәуекелдерді бақылау жүйесінің көмегімен және оларға сәйкес әсер беру мен қадағалау арқылы Қор мұндай тәуекелдерді басқара алады. Бақылау жүйесі міндеттерді, қол жеткізу құқықтарын, бекіту және салыстыру рәсімін тиімді бөлуді, персоналды оқытуды, сондай-ақ бағалау рәсімін қарастырады.

### **Елдік тәуекел**

Қордың қызметі Қазақстан Республикасының аумағында жүргізіледі. Ел экономикасы өзгелерден басқа, елдің шегінен тыс еркін конвертацияланатын ұлттық валютаның жоқтығын қосқанда, дамушы елдерге тән ерекшеліктер танытуды жалғастырады. Оның үстіне, Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызметті реттейтін заңдар мен нормативтік актілер жиі өзгереді, осыған байланысты Қордың активтері мен операциялары саяси және іскерлік ортадағы жағымсыз өзгерістердің салдарынан тәуекелге ұшырауы мүмкін. ҚР экономикалық тұрақтылық келешектері Үкімет қабылдайтын экономикалық шаралардың тиімділігіне, сондай-ақ құқықтықтық бақылау және саяси жүйеге, яғни Қордың бақылау саласынан тыс жағдайларда едәуір деңгейде тәуелді болады. Басшылық экономикалық қиындылықтардың деңгейін, не ұзақтығын алдын ала біле алмайды, немесе олардың бұл қаржылық есептілікке мүмкін ықпалын бағалай алмайды. Басшылық Қор маңызды жағдайларда Қордың тұрақсыздығын болдырмау үшін барлық қолданылатын заңдар мен ережелерді сақтайды және елдің тәуекелді хеджирлеу үшін ешқандай арнайы шаралар қабылдамайды деп болжайды.

### **Салалық, өңірлік және абыройлық тәуекелдер**

*Салалық тәуекел* – бұл сала қызметінде экономикалық және қаржылық тұрғыда өзгергіштікпен туғызылатын тәуекел. Салалық факторлар, сондай-ақ салаішілік бәсекелік қатынастар Қор клиенттерінің өндіріс көлемдерімен күрделі әрекеттер жасау қасиеттеріне және олардың қаржылық жағдайына ықпалын тигізеді.

*Өңірлік тәуекел* Қор несиелер ұсынатын өңірдегі әлеуметтік, саяси немесе экономикалық өзгерістермен байланысты тәуекелдерді қамтиды, бұл оны өтеуден бас тартуға, төлемді кейінге қалдыруға немесе кредиттік құралдарды бақылауды төмендетуге әкелуі мүмкін.

Басшылық Қордың қаржылық жағдайына салалық және өңірлік тәуекелдердің ықпалын сенімді бағалай алмайды.

*Абыройлық тәуекел* – бұл жағымсыз қоғамдық пікір немесе Қорға сенімнің төмендеуі салдарынан жоғалтулардың туындау тәуекелі. Компанияның үшінші тараптар алдында берешектері бар.

Басшылық жоғарыда аталған факторлар Компанияның абыройлық тәуекелін төмендетеді деп санайды.

Одан басқа, қаржылық салада операциялық- өндірістік, мүлдік, трансферттік, инвестициялық, құжаттамалық, алаяқтық төлемеу тәуекелі сияқты тағы да көптеген әртүрлі тәуекелдер бар. Басшылық бұл тәуекелдердің Қордың қаржылық жағдайына ықпалын сенімді бағалай алмайды.



### **Салық салу**

Қазақстандық салық заңнамасы мен нормативтік – құқықтық актілер тұрақты өзгерістер мен әртүрлі түсіндірулер пәні болып табылады. Жергілікті, өңірлік және республикалық салықтық органдар арасында пікірлердегі алшақтық жағдайлары да сирек емес. Бүгінгі күнде қолданылатын Қазақстанда әрекет ететін заңдардың негізінде анықталған құқық бұзушылықтар үшін айыппұлдар жүйесі мен өсімпұлдар аса қатал. Айыппұл санкциялары өзіне, әдетте, қосымша есептелген салықтардың сомасынан 50% мөлшерде айыппұлдарды, және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қаржыландыру мөлшерлемесі бойынша есептелген, 2,5- ке көбейтілген өсімпұлды қамтиды. Нәтижесінде, айыппұл санкциялары мен өсімпұлдар қосымша төлеуге жататын салықтардың сомасынан бірнеше есе артуы мүмкін. Қаржылық кезеңдер тексеру жүргізілетін жылға дейінгі бес күнтізбелік жыл ішінде салық органдарының тексеруі үшін ашық болып тұрады. Белгілі бір жағдайлар кезінде тексерістер неғұрлым ұзақ кезеңдерді қамтуы мүмкін. Қазақстандық салық салу жүйесіне тән белгісіздікке байланысты, егер мұндайлар бар болса, салықтардың, айыппұл санкцияларының сомасы мен өсімпұлдар осы күнге дейін шығыстарға жатқызылған және 2016 жылдың 31 желтоқсанына есептелген сомадан асып кетуі мүмкін. Басшылық 2016 жылдың 31 желтоқсанына оның қолданылатын заңнаманы түсіндіруі сәйкес болып табылады деп санайды және Қордың салықтар бойынша позициясы расталады деген ықтималдылық бар.

### **Сақтандыру**

Қазақстан Республикасында сақтандыру қызметтері нарығы қалыптасу кезеңінде тұр және басқа елдерде таралған, сақтандырудың көптеген түрлері, әзірге, әдетте, Қазақстанда қол жетімсіз. Компанияның үшінші тұлғалардың алдында және мүлікке қатысты жауапкершілікті сақтандырушылық өтемі жоқ. Қор сақтандыру төлемін толық алмағанда, Қордың қызметі мен оның қаржылық жағдайына едәуір әсер етіп, кейбір активтердің жоғалуынан (бүлінуіне) залалдардың маңызды қолайсыз әсерімен байланысты тәуекел бар.

### **Қоршаған ортаны қорғау бойынша міндеттемелер**

Қазақстан Республикасында қоршаған ортаны қорғау бойынша сұрақтарды реттеу даму күйінде тұр. Қоршаған ортаны қорғау бойынша қолданыстағы және болашақ заңнамамен қарастырылған талаптарды орындау нәтижесі бүгінгі күнде анықталмайды. Міндеттемелер анықталған кезде, олар бойынша Қордың есептік саясатына сәйкес провизиялар құрылады. Басшылық Қордың қаржылық есептілігінде көрсетілмеген, Қордың қолданыстағы заңнама бойынша едәуір міндеттемелері жоқ деп санайды.

### **Шарттық міндеттемелердің қаржылық есептілікке ықпалы**

Бүгінгі күнде Қордың шарттық міндеттемелерінің соңғы нәтижесін анықтау мүмкін болмағандықтан, қаржылық есептілік бұл белгісіздіктің нәтижесі болуы мүмкін қандай да бір түзетулерді қамтымайды. Егер орын алса, мұндай түзетулер оларды көрсету қажеттілігі анық болған кезде және олардың сандық мәндерін бағалау мүмкін болған кезеңде, Қордың қаржылық есептілігінде көрсетіледі.

## **18. БАЙЛАНЫСҚАН ТАРАПТАРМЕН МӘМІЛЕЛЕР**

Тараптар, егер олардың біреуі екіншісінің қызметін бақылауды жүзеге асыра алмаса, немесе олар жалпы бақылауда болса, немесе олардың біреуі екінші тараптың операциялық және қаржылық шешімдерін қабылдауға едәуір әсер ете алмаса, олар байланысқан деп саналады.

Байланысқан тараптар өзіне Қордың, Акционердің шешуші басқарушылық персоналын, және қауымдастырылған ұйымдарды қамтиды.

Есепті кезеңдерде байланысқан тараптармен мәмілелер жүргізілмеді.

### *Негізгі басқарушылық персоналмен мәмілелер*

Шешуші басқарушы персоналға төленген сыйақылардың жалпы сомасы жиынтық табыс туралы ілеспе бөлек есепте жалпы және әкімшілік шығыстарда көрсетілген 31 желтоқсан, 2016 аяқталған жыл үшін 2 249 мың теңгекұрады. Бұл сомаға атқарушы органы мүшесі Басқарма сыйақысы кіреді, жалпы сомасы 31 желтоқсан, 2016 аяқталған жыл үшін 2 249 мың теңге. Атқарушы органның мүшелеріне төленген сыйақы, салықтар мен зейнетақы жарналарын, оның ішінде жалақы шығындарын құрайды.

## **19. ЕСЕП БЕРУ КҮНІНЕН KEЙІНГІ ОҚИҒАЛАР**

Есепті кезең күнінен кейін болатын оқиғалар, қолайлы және қолайсыз – бұл есепті кезең күні мен қаржылық есептілікті ұсыну күні арасындағы кезеңде туындайтын оқиғалар.

Есепті кезең күнінен кейін болатын оқиғаның маңыздылығы субъектімен бухгалтерлік есеп және қаржылық есептіліктің қағидаларына байланысты өз бетімен анықталады, оларға сәйкес мұндай ақпарат маңызды болып



табылады, егер оны өткізіп алу немесе дұрыс ұсынбау қаржылық есептілік негізінде қабылданған ақпаратты пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсер ететін болса.

2016 жылдың 31 желтоқсанынан қаржылық есептілікті шығару күніне, 15.05.2017 дейінгі кезеңде активтер мен міндеттемелердің құнында елеулі өзгерістерге әкелген, Компанияның қаржы- шаруашылық қызметінде қандай да бір оқиғалар болмады

**20. СОҒҒЫ БАҚЫЛАУШЫ ТАРАП**

Бұл қаржылық есептілікті шығару күніне күйі бойынша Компанияның соңғы бақылаушы тарабы №11 Ескертпеде көрсетілген Акционер болып табылады.

**21. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ БЕКІТУ**

2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Қордың қаржылық есептілігі, Қордың басшылығымен шығаруға 2017 жылдың 15 мамырында бекітілген.

